

Әділетті Қазақстан

Біз отанымыз және мемлекетіміз болуымыз керек. Шын мәнінде, туған жеріңді сүйген асқан бақыт жоқ... Ең басты байлығымыз – туған еліміз. Сондықтан мемлекет мүддесі қашанда барлығынан биік тұрады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



СЫНДАРЛЫ САЯСИ ДИАЛОГ

2


ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



AI МОНЕТИЗАЦИЯ

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«МЫРЗА» АМАЛЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.06.2023

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

9.06.2023

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №70 (6363) 8 маусым, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

БАСЫМ БАҒЫТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмидпен кездесті



Қазақстан Президенті ЕҚЫҰ Бас хатшысына Астана халықаралық форумына қатысу үшін арнайы келгені үшін алғыс айтып, аталған форум Батыс пен Шығыс арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін жаңа алаң екеніне назар аударды. ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстан үшін басым бағыт саналатынына маңыз берді.

2

«ЖАСЫЛ ЕЛ»

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС БАР!



«Жасыл
ел»
жобасы
бойынша
2000-нан
астам
жас
жұмысқа
орнала-
сатын
болды

3

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Жасыл ел» жобасының жетекшісі Зухра Иманбаева мен «Жасыл ел» жобасының экосақшысы Мұратхан Тауасар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап брифинг өткізді.

ҚЫСҚА...

- Президент Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Катар Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниммен жүздесті.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Shell компаниясының басшысы Уээль Сауанмен кездесті.
- Мемлекет басшысы Астана қаласы әкімінің баяндамасын тыңдады.
- Президент Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевты қабылдады.
- Мүгедектердің құқығы туралы конвенцияға факультативтік хаттама ратификацияланды.
- Үкіметте көктемгі егіс жұмыстарының алдын ала қорытындылары қаралды.
- Alstom компаниясы Қазақстанға 50–100 млн еуро инвестиция құюды қарастыруда.
- Алматы–Ашхабад бағыты бойынша жолаушылар рейсі қатынай бастады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

АҚОРДА

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының Президенті Маргарета Седерфельтті қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Маргарета Седерфельтке ілтипат білдіре отырып, оның сапары Қазақстан мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Парламенттік Ассамблеясы арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін маңызды екенін атап өтті. Парламенттік дипломатия мемлекеттер мен халықтар арасындағы байланыстарды нығайтуға көмектесетініне назар аударды. Сондай-ақ, ауқымды саяси және экономикалық өзгерістердің жүзеге асырылуы туралы айтты. Өз кезегінде Маргарета Седерфельт Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды қолдайтынын және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы негізгі саяси институттардың жүйелі трансформациялану барысын ерекше қызығушылықпен бақылап отырғанын жеткізді. Бұдан бөлек, кездесу барысында Астана халықаралық форумындағы (AIF), сондай-ақ аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

СЕНАТ

Мәулен Әшімбаев бастаған Парламент делегациясы Израильге сапармен барды. Сенат Төрағасы Кнессет Спикері Амир Оханамен кездесіп, екі ел арасындағы парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселесін талқылады.

Кездесу барысында елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалардың нәтижелері де сөз болды. Өз кезегінде Кнессет Спикері Амир Охана Қазақстанда қолға алынған қоғамдық-саяси өзгерістерді жоғары бағалап, алдағы уақытта барлық бағыт бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін білдірді. Әңгіме барысында Израильдің суды тұщыландыру қондырғыларын салу, суды бақылау және цифрлық есепке алу, су шаруашылығын дамыту мәселелеріндегі тәжірибесі сөз болды. Қазақстан Парламентінің депутаттары осы бағыттағы озық үлгіні зерделеу үшін Израильді ауызсумен қамтамасыз ететін мемлекеттік компанияның жұмысымен танысты. Одан бөлек, бүкіл ел бойынша су құбыры желісін басқарушы мекеменің қызметіне назар аударды.

КОМИТЕТ

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің депутаттары мемлекеттік органдардың заң шығару процесіндегі қызметін одан әрі бюрократиядан арылту мәселелері бойынша отырыс өткізді.

Мемлекет басшысы өткен жылы қол қойған Жарлыққа сәйкес, мемлекеттік аппаратты артық бюрократиядан арылту жөнінде шаралар қабылдау қажеттігіне маңыз берілді. Жарлықта мемлекеттік аппаратта шешім қабылдауды жеделдету, мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттыру, құжат айналымы мен есеп берушілікті қысқарту бойынша жүйелі және қолданбалы шаралар кешені көзделген.

МӘЖІЛІС

Палатада елдімекендердің өңірлік стандарттар жүйесі туралы Үкімет сағаты өтті.

2019 жылдан бастап ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайын көруге мүмкіндік беретін Өңірлік стандарттар жүйесі (ӨСЖ) енгізілгенін белгілі. Жиында қабылданған шараларға қарамастан, бүгінде бірқатар жүйелік, соның ішінде инфрақұрылымдық мәселелер шешімін таппай отырғаны айтылды. Мәселен, қамтамасыз ету деңгейіндегі теңгерімсіздік мәселесі шешілген жоқ. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы қала тұрғындарынан әлдеқайда артта қалып, негізгі тауарлар мен қызметтерге қол жеткізудегі алшақтық азаймай отыр. Аумақтардың теңгерімді дамуы және халықтың өмір сүру сапасының тұрақты өсуі үшін қажетті жағдай жасау мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті болуы тиіс. Өз кезегінде Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров министрлік 2022 жылы Өңірлік стандарттар жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс атқарғанын атап өтті. Министр тұжырымдағандай, ӨСЖ-ге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ӨСЖ көрсеткіштерін есептеуді бағалаудың жаңа Әдістемесінің жобасы әзірленген.

ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаз мезгілінде су қоймаларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

ТЖМ судағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін полиция департаменттері және әкімдіктермен бірлесіп, ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін жүргізіп жатыр. Қауіпсіз балалар жағажайларында, стационарлық және қаңқалы-модульдік бассейндерде ТЖМ құтқарушылары әкімдіктермен бірлесіп, балаларды жүзу дағдыларына үйретуде. Жаз басталғалы адамдар демалатын орындарында жаяу полиция жасақтары көбейді. Білім беру ұйымдарының барлығына қоғамдық, демалыс орындарында және су қоймаларында өзін-өзі ұстау ережелері бойынша нұсқаулықтар жіберілді. Қазіргі уақытта шомылу маусымына дайындық жұмыстары жалғасуда.

«АТА ЖОЛЫ»

2023 жылдың шілдесінен бастап өзге елде тұратын этникалық қазақтар «Ата жолы» картасын алып, Қазақстанға оңайлатылған кіру мүмкіндігін пайдалана алады, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

«Ата жолы» картасын енгізудің мақсаты тарихи отанмен байланысты нығайту, ұлттық дәстүрлерді сақтау, Қазақстанда олардың әлеуетін іске асыру үшін елімізге кәсіпқойлар мен табысты бизнесмендерді тарту болып табылады. Карта шетелде тұратын этникалық қазақтарға азаматтығын сақтай отырып берілетін болады. «Ата жолы» картасының иегерлері елге кірген кезде 10 жыл мерзімге тұруға рұқсат алады. «Ата жолы» картасы бар этникалық қазақтың қандастардан айырмашылығы – ол басқа елдің азаматы бола тұра Қазақстан Республикасының азаматтарымен және қандастарымен тең құқыққа ие. «Ата жолы» картасының иесі Қазақстан азаматтығын алған жағдайда оның картасы жарамсыз деп танылады. «Ата жолы» картасының иегерлері еңбек қызметін жүзеге асыру немесе бизнес жүргізу үшін қоныстану өңірін өз бетінше тандайды.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

ПРЕЗИДЕНТ

СЫНДАРЛЫ СЯСИА ДИАЛОГ
дәстүрлі достық пен берік әріптестіктің айқын дәлелі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни бастаған делегациямен кездесті

Елімізге жұмыс сапарымен Қатар Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни келді. Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қатар Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни бастаған делегациямен кездесті. Президент мәртебелі мейманға ілтипат білдіре отырып, Астана халықаралық форумына Қатар үкіметі мен бизнес өкілдерін бастап келгені үшін алғыс айтты. Қатар Қазақстанның Таяу Шығыстағы маңызды әрі сенімді серіктесі екенін атап өтіп, бүгінгі келіссөздер екі ел арасындағы ынтымақтастық одан әрі дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Таяу арада екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толады. Бұл – ерекше мерейлі белес. Осы кезеңде біз тиімді мемлекетаралық ынтымақтастыққа қол жеткіздік. Сындарлы саяси диалог құрдық. Былтыр Сіз елімізге мемлекеттік сапармен келдіңіз. Сондай-ақ, жуырда Қазақстан Премьер-Министрі Қатарға сапармен барып келді. Бұл – дәстүрлі достық пен берік әріптестіктің айқын дәлелі. Сіз мемлекеттеріміздің арасындағы ықпалдастықты тереңдетуге зор үлес қосып келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Қазақ-Қатар байланыстарын нығайту үшін Сізбен бірлесе әрекет етуге әрдайым дайынмын. Қатар инвесторларына барынша қолдау көрсетіп, қолайлы жағдай жасаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қатарға жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60-қа

жуық өнім түрінің экспортын арттыруға дайын. Сондай-ақ, іскерлік байланыстарды нығайту үшін екі ел арасында тікелей әуе қатынастарын ашу маңызды.

Өз кезегінде Қатар Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни құрмет көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

– Астана халықаралық форумына шақыруыңызды қабыл алып, Қазақстанға келіп отырмын. Бұл – мен үшін зор құрмет. Былтыр қазан айында Қазақстанда кездескеннен кейін тағы да жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Бұл – былтырғы келіссөздер барысында бауырлас Қазақстанмен арадағы қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын нысықтауда тағы бір мүмкіндік. Менімен бірге Қатардың іскер топтарынан құралған үлкен делегация келді. Бұл екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың табысты болуына жол ашады деп ойлаймын. Түрлі саладағы екіжақты қарым-қатынас қарқынды дамып келеді. Біз басқа да бағыттардағы ынтымақтастықтың ауқымын кеңейтуге ниеттіміз, – деді шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни.

Кездесу барысында тараптар еліміздің Қатар инвесторларымен мұнай-газ, тау-кен және металлургия, ауыл шаруашылығы, медицина, қаржы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын талқылады. Сондай-ақ, халықаралық ұйымдар аясындағы өзара тиімді ынтымақтастық мәселелерін қарастырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАСЫМ БАҒЫТ

ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық нығаяды

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – ЕҚЫҰ-ның белсенді мүшесі. Президент еліміздің ЕҚЫҰ-мен арадағы өзара тиімді серіктестік және ашықтық рухындағы тығыз қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға және осы ұйымның Бас хатшысы Хельга Шмидке жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді.

– Сіз бастап келген ЕҚЫҰ делегациясы осы форумда көптеген түйткілді мәселелердің оң шешілуіне елеулі үлес қосады деп санаймын. Өкінішке қарай, қазір әлемде ондай проблемалар бар. ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайту Қазақстан үшін басым бағыт саналады. Біздің ұйымның ролі туралы пікірлер қайшылығы алаңдатады. 2010 жылы Астанада өткен саммиттен кейін министрлер деңгейінде де, басқа форматта да бірде-бір ресми құжат қабылданған жоқ. Әрине, бұл – алаңдатарлық жайт. Біз ұйым аясындағы байланыстарды нығайту қажет екеніне бұрынғыдай кәміл сенеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

• Астана халықаралық форумы Батыс пен Шығыс арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін жаңа диалог алаңы

Өз кезегінде Бас хатшы Хельга Шмид Астана халықаралық форумына қатысуға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Дұрыс айтасыз. Қазір күрделі кезең деп ойлаймын. Қиындықтарға қарамастан, ЕҚЫҰ бірегей диалог алаңы ретінде қызметін жалғастыра береді. Сондай-ақ, Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы белсенді ролін оң бағалаймын. Сіз Астана саммиті туралы айтып өттіңіз. Мен ол жиынға қатыстым. Дұрыс айтасыз, бұл соңғы саммит болды. Астана декларациясы, шын мәнінде, ұйымның қызметін реттейтін маңызды құжаттардың бірі. Мен Астана форумында сөйлейтін сөзіңізді асыға күтемін. Қазір мәмілеге келу үшін бір-біріміздің пікірімізге құлақ асу өте маңызды деп ойлаймын. ЕҚЫҰ-ның негізгі міндеті де – осы, – деді ЕҚЫҰ Бас хатшысы.

• ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмид: Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы белсенді ролін оң бағалаймын.

• ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстан үшін басым бағыт.

Кездесуде Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен оның даму перспективалары талқыланды. Сондай-ақ, аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.



ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ



ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖАҚСАРАДЫ

Тасжолдарға проекциялық
жолақтар орнатылды

Республикалық маңызы бар тасжолдарда жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында жаяу жүргіншілерге арналған проекциялық өткелдер орнатылып жатыр. Бұл туралы «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ» баспасөз қызметі мәлім етті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Компанияның ресми өкілі Ләззат Стамғазиеваның айтуынша, арнайы гобо-проекторлардың көмегімен автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер жолдағы ақ-сары жолақтарды анық көре алады. – Проекция жүргізушілерге жолдан өтіп бара жатқан адамдарды 100–150 метр қашықтықта уақытылы байқауға мүмкіндік береді, – дейді ол.

Мұндай заманауи технология Алматы өңірінде орналасқан республикалық маңызы бар тасжолдарда пайда болғанын айта кету керек. Бес жаңа проекциялық жолақтар елдімекендердің, оқу орындарының және медициналық көмек көрсету пункттерінің қасына орнатылған. Мұндай жолақтар – А-2 «ӨР шекарасы (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас» тасжолының 29 шақырымында (Қарасай ауданы, Барыс автобазарының жанында); А-4 «Алматы – Шамалған – Ұзынағаш – Ақжайнар – Сұраншы батыр – ҚР шекарасы» тасжолының 52 шақырымында (Жамбыл ауданы, Қарғалы кентінің жанында) және М-36 «РФ шекарасы (Екатеринбургке) – Алматы» автожолының 40 шақырымында (Қарасай ауданы, Қошмамбет кентінің жанында); А-2 «ӨР шекарасы (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас» тасжолының 24 шақырымында (Талғар ауданы, Панфилов кентінің маңында) және Р-17 «Алматы – Талғар – Бәйдібек би» тасжолының 15 шақырымында (Талғар ауданы, Белбұлақ кентінің жанында) орнатылды.

Айта кетейік, дәл осындай 30-ға жуық проекциялық жолақ бұған дейін елдің тоғыз өңірінде орнатылған болатын.

ҚАУІПСІЗДІК



Алматыда су қоймаларын өңдеу жұмыстары басталды

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және Алатау, Жетісу және Түркісіб аудандарында орналасқан 7 анафелогенді су қоймаларында өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Дернәсіл кезеңінде масалардың санын азайтуға қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстары жалпы анофелогендік алаңы 14,4 га болатын аумақта 7 маусым мен 29 қыркүйек аралығында жүргізіледі. Өңдеу энтомологиялық көрсеткіштер бойынша алты турда іске асырылады.

Су қоймаларындағы безгек масаларының дернәсілдеріне қарсы дезинсекциялық іс-шаралар «Алматы қаласы бойынша дезинфекция орталығы» ШЖҚ РМК филиалы қаланың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметі мамандарының тікелей бақылауымен жүзеге асырылады. Құрыл-

ған дезинфекциялық бригадалар қажетті жабдықтармен, көлікпен, жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталған.

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі мамандарының айтуынша, кенеге қарсы емдеу үшін «Фаворит» инсекто-акарицидтік препараты қолданылады. Препарат (3-4 класс) төмен уытты және қауіпті емес. «Масалар күресу мақсатында қолданылатын препараттардың дозасы төмен, адам мен жануарлар үшін қауіпсіз» дейді мамандар.

Құралай ЖҰМАДИЛОВА.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

АЛМАТЫДАҒЫ ЮНЕСКО БЮРОСЫ

Өңірлік көпсалалы кеңсе болып қайта құрылады



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапармен келген ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азулемен кездесті.

Кездесу басында Одрэ Азуле Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Бурабай» және «Маркаөл» қорықтары биосфералық резерваттардың жаһандық желісіне, сондай-ақ «Ортеке» музыкалық-қуыршақ өнері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгенін растайтын сертификаттарды табыс-тады.

• Кездесуде Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы мәдени және тарихи мұраларды сақтау, білім және ғылым саласындағы халықаралық байланыстарды кеңейту ісіндегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азулеге ілтипат білдіре отырып, оның ЮНЕСКО Бас директоры ретіндегі көшбасшылығын жоғары бағалайтынын, сондай-ақ ұйымды одан әрі нығайтуға бағытталған қызметіне қолдау көрсететінін атап өтті.

Президент Бас директорға Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барғаны үшін алғысын айтты. Сондай-ақ, оның Түркістанға

сапарын азаматтарымыз жылы қабылдағанын жеткізді.

– Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін аса маңызды. ЮНЕСКО біз үшін ерекше ұйым әрі басымдыққа ие. Біз осы өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы климат, биоалуантүрлілік және су ресурстары салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға Қазақстанның ниетті екенін жеткізді.

• ЮНЕСКО-ның Бас директоры Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларға, соның ішінде азаматтық қоғамды нығайтуға, білім және мәдениет саласын дамытуға қатысты бастамаларына жоғары баға берді.

– Менің Қазақстанға жасаған сапарым Сіздің еліңіздегі маңызды стратегиялық кезеңмен тұспа-тұс келді. Сіз

ауқымды реформа жүргізіп жатырсыз. Бұл істе сіздің президенттік мандатыңыз шеуіуші рөл атқаруға тиіс, – деді Одрэ Азуле.

• Жақын арада Өңірлік көпсалалы кеңсе болып қайта құрылатын Алматы қаласындағы ЮНЕСКО бюросының қызметі – Қазақстанның осы ұйыммен табысты байланысының жарқын мысалы.

Өз кезегінде Одрэ Азуле қазақ жерінде қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ, ол ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралары тізіміне енген Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барған кезде алған әсерін бөлісті.

«АКШАМ-АКПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

«ЖАСЫЛ ЕЛ»

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС БАР!

«Жасыл ел» жобасы бойынша 2000-нан астам жас жұмысқа орналасатын болды



Рая
ЕСКЕНДІР

Мұнда мегаполистің «Жасыл ел» жасағы қатарының жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны айтылды. Мәселен, өткен жылы 14 пен 35 жас аралығындағы 1900 жас уақытша маусымдық жұмыспен қамтылған көрінеді.

«Жасыл ел» жобасы Алматы қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен жүзеге асырылып отыр. Жалпы, бұл жоба – мектеп оқушылары, студент және жұмыссыз жастарды маусымдық жұмысқа орналастыруға, республика бойынша орман алқаптарын құруға, сол арқылы Қазақстанның экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жоба.

«Әлемдегі жаһандық экологиялық жағдай күрделене түсуде, қоршаған ортаны қорғау мәселесі өзекті болып отыр. Өткен жылдың қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алматылықтармен кездескенде «Қоршаған орта азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер етеді. Сондықтан экология мәселесі әрқашан менің назарымда», – деп баса айтқаны белгілі. Сондай-ақ, «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» бекітілді. Оның басты көрсеткіштерінің бірі – жыл сайын кемінде 10 000 жасты жұмыспен қамтуды көздеп отыр», – деді Ж.Иманбаева.

«Жасыл ел» жасағындағы жастар қаланы көгалдандырудан бөлек, экологиялық семинарлар мен тренингтерге, қалалық және республикалық сенбіліктер мен балалар үйі, қарттар үйі, арда-



герлер үйлеріндегі эко акцияларға да белсене қатысады. Мәселен, осы жобаға белсене атсалысып жүрген экосақшы Тауасар Мұратханның айтуынша, аталмыш жобаның қатысушылар үшін берер артықшылықтары да жеткілікті. Өз кезегінде жастар бір-бірімен танысып, қаланың дамуына да үлестерін қосатын болады.

Сонымен қатар, жасақта эко патрульдер құрылып, қала аумағында рейдтер жүргізілуде. Бұл ретте экологиялық бұзушылық фактілерін де анықтайды. Сонымен қатар, «JASYL EL» жобасының жетекшісі Зухра Иманбаева 14 пен 35 жасқа дейінгі алматылық жастарды «JASYL EL» еңбек жасағының қатарына қосылуға шақырды. Жастарға 70 мың теңге төленіп, бір айлық жұмысы үшін жасақ

жұмысшылары 54 мың теңге алады. Айта кетерлігі, «Жасылдар» жасағындағылар толық жұмыс күнін істемейді. Оларға бес күндік жұмыс аптасында 40 сағат жұмыс істесе жеткілікті. Жұмысқа түру үшін көмелет жасына толмаған жасөспірімдерге ата-анасының рұқсаты керек.

Сонымен қатар, әрбір «Жасыл ел» қатарына қабылданушымен жасақта жұмыс істеу мерзіміне сай еңбек келісімшарты жасалады (маусымнан тамызға дейін істеуге болады). Жұмысқа түру үшін жеке куәлік пен еңбекақы түсіп тұратын «Қазпоштаның» ағымдағы шоты қажет. Жұмыс орны, жұмыс кестесі, мерзімі, жұмыс шарттары мен ұсыныстарды +7 708 928 59 72 телефон нөмірі арқылы біліп, кеңес алуға болады.



МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ

Жөндеу жұмыстары басталды

Сейфуллин даңғылы бойын Рысқұлов даңғылынан Алматы-1 теміржол бекетіне дейін ұзындығы 5,6 шақырымды жол жабынымен жабуға орташа жөндеу жұмыстары басталды.

Айнабай
МӘДИ

«Жиекжолдардың (тротуар) жеке бөліктері көлік қозғалысын шектемей жөндеуде», деп хабарлайды Алматы қалалық мобильділік басқармасының баспасөз қызметі. Айта кетерлігі, Сейфуллин даңғылында бұдан бұрын орташа жөндеу жұмыстары 2010 жылы жүргізілген болатын.

Алматының жол-климаттық аймағы ескеріле келе, Сейфуллин даңғылын жөндеудегі уақыт аралығы 5 жыл деп белгіленген. Осы ретте тиісті лицензияға ие жобалау ұйымы өкілдері тексеру жүргізді. Зерттеу кезінде шұңқыр мен жарықтардың шөгуінде ақаулар анықталып, бұл жолдың ағымдағы жағдайы жөнінде техникалық қорытынды жасалды. Сөйтіп, техникалық қорытынды негізінде Сейфуллин даңғылы орташа жөндеу жоспарына қосу туралы шешім қабылданды.



Орташа жөндеу аясындағы жоспарланған жұмыстарға байланысты жол учаскелерінің жабылуы туралы ақпарат БАҚ-та қосымша жарияланатын болады. Жол мамандары уақытша қолайсыздық үшін кешірім сұрап, бағыт-бағдарды алдын ала белгілеп алуды өтінеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



Уақытша суық су болмайды

«Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының баспасөз қызметі мамандарының хабарлауынша, Алматы ауданында бір күн суық су болмайды.

Кәсіпорынның мәліметінше, сумен жабдықтау желілеріндегі жоспарлы жұмыстарға байланысты бірқатар тұрғын үй мен ғимараттар суық судан ажыратылады.

Бүгін, яғни 8 маусым күні сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін Тілендиев – Райымбек – Розыбакиев – Дүйсенов көшелерінің бойында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға суық су беру уақытша тоқтатылады. Уақытша келтірілген қолайсыздық үшін кешірім сұраймыз.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Суға құлаған қыз құтқарылды

Қалалық Төтенше жағдайлар департаменті Алматы өзендерінің біріне құлаған жас қыздың құтқарылғаны жайында мәлім етті.

Арқырай аққан өзен суынан жас баланың қолдарын көргендер кенет тоқтай қалған. Шамамен 13-14 жастағы қыз бала екен. Ол су төгетін құрылғыға түсіп көрмек болған. Аяғы тайып кеткен жас өренді өзен ағысы жұлып ала жөнелген. Данияр өзен арнасына жетіп, қызды судан алып шықты. Содан соң оны қауіпсіз жерге жеткізуді екі шәкіртіне тапсырды.

«Сол аяғымды қатты ағыс тартқылаған соң, оң аяғымды бетон-тірекке сүйеп, онсыз да әбден қажыған қызды судан алып шықтым. Оның біршама уақыт сыртқа шығуға тырысқаны байқалады. Бірақ шамасы келмеген, ағысқа төтеп бере алмаған. Жаттықтырушылық жұмысыма асығып тұрғандықтан, қызды судан шығарған соң, оған бас-көз болуды шәкірттеріме тапсырдым. Мұны ерлік істедім демеймін, жай ғана азаматтық борышымды орындадым. Суға батып бара жатқан қызды байқап, дабыл қаққан маңайдағы азаматтарға, шәкірттеріме алғыс айтамын», – дейді батылдық танытып, адамды қиындықтан құтқарып қалуға қатысқан қала тұрғыны Данияр Сафин.

Жасөспірім қызды құтқарған азамат – бокстан жаттықтырушы, 28 жастағы Данияр Сафин. Ол бұл уақытта өз қоластындағы шәкірттерімен бой жаттығуын жасап, өзен бойындағы бетон жолмен жүгіріп бара жатқан. Кенет балалардың бірі айқайлап дауыс берді. Бұл «Шаһристан» тұрғын үй кешенінің тұсы болатын. Жаттықтырушы жүгіруді тоқтатуға пәрмен берді.

Азаматтық борышын биік ұстап, қиындыққа душар болғандарға қолұшын созып, тәуекелге бару екінің бірінің қолынан келе бермейтіні рас. Қиын шақта адамды ажалдан араша-лап қалуға қатысып, ерекше батылдық танытқан мұндай азаматты оқиғадан хабардар қаламыздағы Төтенше жағдайлар қызметі де елеп-ескеріп, марапаттар деген сенімдеміз.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖУРНАЛИСТЕР ЖАРЫСҚА ТҮСТІ

Әскери қызметтің насихатталуын арттыру, қазақстандық армияның оң имиджі мен беделін ілгерілетуге орай, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының өмір тіршілігімен таныстыру мақсатында Алматы қаласының БАҚ өкілдеріне арналған қызықты баспасөз туры ұйымдастырылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Журналистермен екі деңгейлі әскери-спорттық ойын өткізілді. Аталған ойынның бірінші кезеңінде БАҚ өкілдері кедергілер жолағын бұзып өтіп, оқу гранаталарын лақтырып, нормативтерді орындау бойынша сайысқа түсті.

Екінші кезеңінде БАҚ өкілдерінің 2 командасымен Құрлық әскерлері әскери институтының әскери қызметшілерінің 2 командасы волейболдан сайысқа түсті.

Сайыстар нәтижесінде жеңіске жеткен командалар сыйлықтармен және Алғыс хатпен марапатталды. Бірінші турда қыздар арасында тамаша нәтиже көрсеткен Jasqazag.kz сайтының журналисі Макпал Ноғайбаева, ерлер ара-

сында «Алматы» телеарнасының журналисі Олжас Омаров жеңіп алды. Волейболдан 1-орынды «Қазақ журналистері» қыздар тобы алса, 2-орын журналист жігіттерге бұйырды.

Сонымен қатар, жарысқа қатысқан БАҚ өкілдеріне курсанттық асханада түскі ас ұйымдастырылды.

– БАҚ өкілдерімен өткізілген іс-шараның негізгі мақсаты журналистерді біздің курсанттарымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен және оқу барысымен таныстыру болатын. Ойлағандай, журналистер әскерилердің күнделікті өмір тіршілігін өз көзімен көріп, жақсы әсер алды, – деді С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының бастығы, полковник Бауыржан Ибатулин.



ЕЛ ҚАЛҚАНЫ



«МӘНГІЛІК САПТА!»

акциясы өтті

Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты барлық әскери бөлімдерде осыдан жеті жыл бұрын Ақтөбе аймағындағы 6655 әскери бөліміне жасалған лаңкестермен қарулы қақтығыс кезінде ерлікпен қаза тапқан әскерилердің рухына мәңгілік тағзым ету мақсатымен «Мәңгілік сапта!» атты бір күндік акция өтті.

Айнабай
МӘДИ

Бұл күні ұландық әскери қызметшілер алаңға қойылған есіл ерлердің фотосы алдында сап түзеп, қаза тапқан батырлардың ерлігі мен қайсарлығын еске алып, бір минуттық үнсіздік жариялады. Ерлікпен көз жұмған есіл ерлер қазасы – олардың жақын туыстарына ғана емес, бізге, елімізге ортақ қасірет. Әскери қызметші-

лердің табандылықпен көрсеткен ерлігі – ешқашан ұмытылмастай мәңгілік жүрегімізде сақталатын, өскелең ұрпақ үшін өшпес ерлік пен Отанға адалдықтың үлгісі. Әскери қызметшілер көрсеткен қайтпас қайсарлық пен ерен ерлікке арналған шара соңы жеке құрамның саптық шеруімен аяқталды.

Еске салсақ, 2016 жылғы 5 маусым күні сағат 14.35 минутта қарулы лаңкестер тобы қару-жарақты

қолға түсіріп, өздерінің қызу әрекетін іске асыру мақсатымен Ақтөбе аймағында орналасқан Ұлттық ұланның 6655 әскери бөліміне шабуыл жасаған болатын. Аталған әскери бөлім әскери қызметшілерінің сенімді іс-әрекеті мен табандылығының арқасында шабуылдаушы топтың мақсаты іске аспай, олардың қылмыстық іс-әрекетінің жолы кесілді.

Қарулы қақтығыстағы алғашқы ұрысқа тойтарыс берген майор Даниэль Майлыбаев, кіші сержант Берікжан Қалиев пен қатардағы жауынгер Досбол Сапар жанқиярлық ерлікпен қаза тапты. Әскери міндетін орындауда көрсеткен ерен ерлігі мен қайтпас қайсарлығы үшін майор Даниэль Майлыбаев ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен (қаза тапқан соң), кіші сержант Берікжан Қалиев (қаза тапқан соң) пен қатардағы жауынгер Досбол Сапар (қаза тапқан соң) ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды.



САРАПТАМА

«Астана Халықаралық форумы – 2023»:

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ ГЕОСАЯСИ КЕҢІСТІК

Ұлттық және аймақтық мүдделерді қорғау үшін белсенділік қажет

• Бүгін, елордада Астана Халықаралық форумы өз шымылдығын ашады. «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: Ынтымақтастық, даму және прогресс жолында» атты халықаралық іс-шара жаһандық түйткілді түйіндерді диалог арқылы шешіп, күрделі үрдістерді талқылауға Астананың ұсынып отырған ашық алаңы. Екі күнге жалғасатын шараға әлемнің көптеген елдері мен халықаралық ұйымдарының өкілдері қатысады.

ЖАҒАНДЫҚ ЖАҒДАЙ: БЕЛСЕНДІЛІК БАҒДАРЫ

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан «көпвекторлы саясаты» барынша бекем ұстанып келді. Мұны еліміздің сыртқы саясатта жеткен жетістіктерінің бірі деп айтуға әбден болар. Саясаттануда «көпвекторлы» деген ұғым тым жағымды саналмағанымен, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қалыптасқан жаңа геосаяси аймақта Қазақстан өз егемендігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аталмыш ұғымның практикалық негізін қалауға ұмтылды. Оның астарында өзіне ықпал етуші өзге күштердің теңгерімін сақтап тұру деген мақсат тұрды. Соңғы 30 жылдан аса уақытта Қазақстанның сыртқы саясатта ұстанған осы бағыты аймақтағы елдер үшін де белгілі деңгейде көшбасшылық ұстанымға ие болды. Әлбетте, аймақта бейтараптылық ұстанымындағы Түркіменстан секілді көршілес әрі бауырлас елдер болғанына қарамастан, сыртқы күштер алдында аймақтың ортақ ұстанымы қазақстандық бағытқа жақын болды. Міне, бұл аймақтың қазірге дейінгі тұрақтылығы мен дамуына өзіндік оң әсерін тигізіп келді.

Дегенмен, қазір біз атап өткелі отырған көпвекторлық сыртқы саясатта жаңа қауіптер пайда болды. Бұған күрделі өзгерістерді бастан кешіріп жатқан жаһандық геосаяси жағдай себеп. Анықтап айтатын болсақ, Екінші дүниежүзілік соғыстан бері қалыптасып, біршама кемелді деңгейге жеткен халықаралық қатынастардың тәртібі қайта қаралу үстінде. Әлемдегі қалыптасқан және қалыптасу үстіндегі державалар (АҚШ, Британ, Қытай, Ресей, т.б.) арасындағы бәсекелестік қарым-қатынастары тұтас жаһандық іс-қимылдардың сипатын өзгертті. Бұл өзгерістердің басталу нүктесін саясаттанушылар да анық көрсетіп бере алмайды. Бірақ біздің аймақ тұрғысынан айтқанда, Ауғанстанда тәліптердің билікке келуі, Таулы Қарабақ соғысы, қырғыз-тәжік шекара жанжалдары және т.б. оқиғалар жаңа сын-қатерлердің өсіп шыққанын аңғартты.

Бұған дейін әлем үшін біршама «елеусіз» Орта Азия, ендігі жерде, ірі державалардың басты назарындағы геосаяси кеңістікке айналды. Нәтижесінде сыртқы саясатымыздың басым бағыты болған көпвекторлы саясат ұстанымына қауіп күшейді. Мұндай жағдай ұлттық және аймақтық мүдделерді қорғау үшін де белсенділікті талап етеді. Тіпті бұл қаласақ та, қаламасақ та біз орындауға тиісті міндеттердің бірі. Оның үстіне климат өзгерісі,

күрғақшылық, су ресурсы секілді жаһандық және өңірлік мәселелерді шешу бір ғана мемлекеттің қолынан келмейді.

Қазақстанның егеменді ел ретінде аталған геосаяси, геоэкономикалық және ортақ жаратылыстық мәселелерді шешуге өзіндік жолы мен ұстанымын алдын ала ұсынуы маңызды. Елордадағы кезекті халықаралық жиын да міне сол үшін өткізіліп жатыр.

НЕГІЗГІ ҮШ БАҒЫТ

Алғаш өткізіліп отырған Астана Халықаралық форумының күн тәртібінде бірқатар салмақты тақырыптар тұр. Олардан түгел дерлік қазіргі жаһандық ортақ сын-қатерлердің сипатын көреміз. Атап айтқанда, үш бағытқа бөліп көрсетуге болады: экономика, халықаралық қатынастар және климат тақырыптары.

Экономика тақырыбының аталған форумда көтерілуі тегін емес. Қазір әлем елдері тап болып отырған басты табиғи қиыншылықтар осы экономика саласына қатысты. Мәселен, экономикалық өсімнің төмендеуі барлық елдерге ортақ үрдіске айналғаны белгілі. Оның үстіне, пандемия мен ауқымды қақтығыстар жаһандық жеткізу тізбегін бұзды. Сауда-экономикалық байланыстар екпінін жоғалтып алды. Бұларға жоғары инфляцияны қосатын болсақ, экономика саласында жаһандық проблемалардың ауқымды екенін көреміз.

Соңғы жылдардағы ортақ экономикалық қиындықтарға байланысты дамыған елдерден гөрі дамушы елдердегі экономикалық өсім жоғары бола түсті. Бұл инвестициялардың жаңа ағымдарына әсер етуде. Инвесторлар бүгінде ыңғайлы және тұрақты дамушы елдерге қызығушылық таныта бастады. Міне, сондықтан форумда әлемнің әр елінен келген бизнес өкілдері болашақ инвестициялар үшін оңтайлы жауап іздейтіні анық.

Басты тақырыптардың бірінде тұрған климат мәселесі де Қазақстан мен Орта Азия үшін, тіпті тұтас әлем үшін де ортақ мәселенің бірі. Әрі бұл тұтас адамзат болашағына саятын салмақты тақырып. Оның елімізде өткізіліп жатқан халықаралық іс-шарада көтерілуі, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Себебі, соңғы жылдары Қазақстанда климат дағдарысының айқын белгілері көріне бастаса да, мемлекет пен қоғам жағынан бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Ғасырлық үлкен қасіреттің бірі – Арал тағдыры да шешімін таппаған күйінде қалып тұр. Иран, Түркіменстан, Өзбекстанды және Қазақстанның батыс пен оңтүстік



батыс аймақтарын қамтыған күрғақшылық, шөлейттену сынды климаттық құбылыс біртіндеп алып территориямыздың өзге өңіріне қарай кеңеюде. Ел болашағына қатысты мұндай сұрақтар халықаралық жиындардан тыс, өз ішімізде де қоғам болып талқылануға тиісті мәселе. Ал жаһандық климат өзгерістерін талқылайтын жаңа алаң ұсыну, бұл – Қазақ елінің әлемге деген жауапкершілігінің бірі ретінде сипатталады.

Форум тақырыптарының үшінші үлкен бағытында тұрған халықаралық қатынастар тақырыбының өзектілігі айтпаса да түсінікті. Ортақ шешуге тиісті жаһандық мәселелер алдында әлем елдері ұйысудың орына бірнеше геосаяси үйектерге бөліну үрдісіне бұрылды. Тиісінше, қайшылықтар да күшейіп, қақтығыстардың қаупі мен ауқымы үлкейді. Халықаралық қатынастардың таяу тарихтағы ең терең дағдарысқа тап болуы әлем елдерін «Үшінші дүниежүзілік соғыс» қаупімен алаңдатып отыр. Астанадағы форумда, міне, осы мәселелер де талқыға түседі.

МАҚСАТ ЖӘНЕ МІНДЕТ

Жоғарыда аталған мәселелер жаһандық ортақ шешімді талап еткенімен, әлем елдері арасында қожырау үрдісі бар. Қалыптасқан жағдайды шешу мақсатында әр елдің басын қосуда халықаралық қауымдастық та дәрменсіздік танытуда. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты мүшелердің өзі бір-бірімен ұстаным қайшылығына ие. Демек, мұндай жағдайда қайшылықтар мен түрлі келіспеушілікті қақтығыспен емес, диалогпен шешуге бағыттайтын платформалардың болуы ауадай қажет. Өз тұрғымыздан айтқанда, Қазақстан өз тарапынан осындай платформа ұсыну арқылы ең алдымен қақтығыстарды жақтамайтынын, екіншіден бейбітшілік пен тұрақты дамуды қолдаушы екенін жеткізіп отыр.

Әрине, бұның бәрі тек позитивтілік тұрғысынан берілетін баға екені шын. Елімізде жыл сайын түрлі халықаралық іс-шаралар, экономикалық форумдар өтіп жатады. Өз тұсында бәрінің де мәні мен маңызы бар десек те, қоғамдық пікір алаңында бұған қатысты көзқарастар көбінше негативті бағытқа бұрылатынын мойындауымыз керек. Оның себебі белгілі, ең алдымен, бұндай шаралардың мәні мен маңызына қатысты мемлекет тарапынан қоғамға дұрыс түсіндіру және ақпараттандыру жұмысы жеткілікті деңгейде емес. Басым көп аудитория еліміздегі бұндай оқиғалардан қағыс қалып жатса, ақпараттанған аудиторияның өзінде наразылық көңіл күй жоқ емес. Мұның өзі елдегі ішкі проблемалардың шешілу деңгейінен хабар берсе керек.

Бұған дейін кейбір әлеуметтік сұрақтарды шешудің кең мүмкіндіктері болғанын жасыра алмаймыз. Бүгінгі таңдағы жаһандық ағынның екпіні бізге ішкі мәселелерді барынша жылдам реттеу міндетін жүктейді. Егер халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты сұрақтардан тартып, инфрақұрылымға дейінгі мәселелер ертерек күн тәртібінен алынған жағдайда, біз сыртқы қауіптерді еңсеруде қазіргіден әлдеқайда қуатты ел боламыз анық.

Ал форумның мән-маңызын тағы бір қырынан қарастыру үшін саясаттанушылардың пікірін оқырман назарына ұсындық.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Пердехан ШӘМШИЕВ,
саясаттанушы:

**Форумның нәтижелілігі
инвестициялар көлемімен
бағаланады**

«Астана» халықаралық форумы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл алғаш рет өтуде. Әлемдегі геосаяси жағдайдың шиеленісуі, санкциялық текетірес, қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлауы климаттың өзгерісі, азық-түліктің тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік сияқты күллі адамзатқа төнетін қауіп-қатерлерге көңіл аудару мен оларды бірлесіп шешу сияқты мәселелер шетке ығысты. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде бізге қарым-қатынасты қалпына келтіру, ортақ мәселелерді бірлесіп шешу үшін диалог алаңдары ауадай қажет. Бұл жағынан қарасақ алғашқы форумның тақырыбының өзекті екендігіне көзіміз жетеді.

Еліміздің климаты географиялық орналасуына, антропогендік факторларға байланысты түрлі экологиялық мәселелерді тудырды. Халық тұтынатын ауысудың тапшылығы, Арал теңізі суының тартылуы, шөлді аумақтың кеңеюі сияқты экологиялық қауіп-қатерлерге мемлекет тарапынан аса мән берілуі тиіс екені сөзсіз. Сондықтан өтіп жатқан форумның нәтижелілігін әлемдік қауымдастық біздің мәселелерге көңіл аудару ала ма деген сұраққа жауап берсек қана бағалай аламыз.

Екіншіден, елімізде энергетикалық қауіпсіздік мәселелері өршіп тұр. Риддердегі ЖЭС авариясы және өзге де ЖЭС-індегі материалдық-техникалық базаның ескіруі Үкімет тарапынан баса назар аударатын мәселелер. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, форумның нәтижелілігін елге осы мәселелерді шешу үшін тартылатын инвестициялар көлемімен бағалау қажет.



СПЕКТАКЛЬ



Биылғы 19 мамыр – 5 маусым аралығында Оңтүстік Кореяда XVII халықаралық музыкалық фестиваль өткен болатын. Онда қазақстандық 30-дан астам актер өнер көрсеткен «Роза Бағланова» спектаклі «Үздік шетелдік мюзикл» атанды.

«Роза Бағланова» – үздік шетелдік мюзикл

«Роза Бағланованы» Astana Musical қойса да, бұлбұл үнді әншіміздің ең алғашқы жұлдызын бір кездері Алматы жаққанын айта кеткіміз келеді. Әншінің құрметіне былтыр мегаполис төрінен биік ескерткіш ашылды.

Тәгу қаласында өткен аталмыш музыкалық фестиваль 17 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл жолғы додаға Қазақстанмен бірге Ұлыбритания, Франция, Германия, Корея театрлары қатысты. Ал астананың жоғарыда айтылған Astana Musical – Орталық Азиядағы жалғыз осы бағыттағы өнер ордасы. Фестивальде жас өнер ұжымы Роза Бағланованың өмірінен, бел-бел-

лесінен үзінді қойды. Бұл фестивальдегі тағы бір жетістік – басты рөлді сомдаған актриса Зарина Макина «Үздік әйел рөлі» жүлдесін иеленді. Зарина бұған дейін «Хабар» телеарнасынан көрсетілген «Бұлбұл» сериалында да Роза әншіні сомдаған болатын. Бұл оның кинодағы дебюті. Картинада ол Бағланованың 18 жасынан 50 жасына дейінгі кезеңдерін бейнелеген еді.

Astana Musical театрының артистері осы жеңістің ізін суытпай, енді Қазақстанның барлық қаласында гастрольдік сапармен өнер көрсетуді көздеп отыр. Әрине, Алматы көрермендері де асыға күтеді.

ТАҒЫМ

ПУШКИН ОҚУЛАРЫ

Жырсүйер қауым адуынды ақын ескерткіші алдында өлең оқыды

Алматыда XIX ғасырдың алғашқы жартысында танымал болған көрнекті әдебиет қайраткері, азулы ақын, орыстың реалистік бағыттағы әдебиет сыншысы, теоретигі, драматург, прозашысы Александр Пушкин ескерткіші алдында дәстүрлі «Пушкин оқулары» ұйымдастырылды.



Айнабай
МӘДИ

Басқосуға жиналған жұртқа РФ Қазақстандағы (Алматы) Россотрудничество өкілдігі жетекшісінің орынбасары Татьяна Барышникова құттықтау сөзін арнады. Адуынды ақын ескерткіші алдында жиылған жырсүйер қауым Александр Сергеевичтің рухына тағзым етті. Пушкин поэмаларынан үзінді оқып, өлеңдерін жатқа оқыған алматылықтар аз емес. Бұл жерде жиылған жас та, жасамыз та ақын өлеңдерінен рухани азық алғандай, ерекше көңіл күйде жүрді.

Пушкин өлеңдері қаншама шетел тіліне аударылмады десенші. Бұл поэзия мерекесінде, әсіресе, шетелдік студенттердің белсенділігі ерекше болды. Қытай, жапон, корей елдерінен келген студент-жастар ақын өлеңдерін өз тілдерінде, орысша жатқа оқып жатты. Біз бәрінен бұрын, Александр Пушкиннің айтулы ақын деп білеміз. Ұлы Абай да Пушкинді айрықша шабытпен аударды. Абай орыс ақынының «Евгений Онегин» поэмасындағы «Татьянаның хатын» он-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

даған өлеңін аударды дегені болмаса, қазақша жырлады ғой. Дана Абай орыс ақынының өлеңдеріне ерекше рең берді.

– Жиырма жылдан бері 6 маусымда Пушкин туған күнін мерекелеуді дәстүрге айналдырдық. Мұнда ақын шығармаларын сүйіп оқитын қала жұртшылығы, жас таланттар да, кәсіби ақын-жазушылар да келеді. Бұл жобаны қаламызда қалыптасқан ғылыми, шығармашылық зиялы қауым қолдап отыр. Өздеріңіз көргендей, ұлы ақынының өлеңдерін оқушылар да, студенттер де ерекше мәнермен оқуда. Орыстың атақты әдебиет сыншысы В.Белинский айтпақшы, Пушкин – «орыс өмірінің энциклопедиясы», – деді Алматыдағы Қазақстан – Орыс мәдени орталығының төрағасы Всеволод Лукашев.

Всеволод Анатольевичтің: «Мен пушкинтанушы емеспін, алайда Александр Сергеевич Орынбор сапарында ұзағырақ болғанда, қазақ мәдениеті, қазақ даласы мен қазақ шығармашылығына айрықша мән берген болар еді деп ойлаймын. Жұрттың бәрі Қазақстанға ағылып келуінің сыры қазақ жерінің, елінің кереметтілігінде, адамдарының мейірімінде жатса керек» деген сөзіне ден қойдық.

Осы ретте Пушкиннің Орынбор жеріне келіп, қазақтардың тағдырымен байланысты «Капитан кызы» повесін жазғаны ойға оралады. Орал қаласына келіп, қазақтың атақты махаббат дастаны – «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» аса қызығушылық танытып, зерделегені еске түседі. Бұл қалада ақынға арналған мұражай да бар.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

КӨРЕРМЕН

немесе концерт пен театр әдеби туралы бірер сөз



Алматының Республика сарайында үлкен әншінің концертінде отырмыз. Зал лық толы. Жас та, кәрі де осында. Тіпті, көрермендер арасында аузында емізігі бар сәби де, аяғын апыл-тапыл енді басып жүрген балдырған да бар.

Осы күнгі бала, жалпы бала атаулы бір орнында отыратын ба еді, оның үстіне кішкентай бүлдіршін концертінді қайдан ұқсын?! Әнші жанын жеп ән айтып жатса, әлгіндей балақайлардың бірі «шөлдедім, апа, су» деді. Екіншісі екі көзін укалай мыжғылап, ұйқысы келіп, анасына көнбей басын шалқайтып, мазасызданып кетті. Сосын амал жоқ, «жылап, айналаның мазасын алмасын» дегендей, алдына алып секіртіп ойната бастады баланы. Бәлкім, үйдегі жайлы төсегін, бесігін сағынған болар, бәрібір тыншымады балдырған. Сонадайдан бір әйел орнынан ұшып тұрып, тыпырлап кетті. Не болып қалды екен деп, біз де елендеп қалдық. Сөйтсе, концертке ертіп әкелген оқушы баласының сау етіп мұрны қанап кетіпті. Оған жанында отырған бір еркек беторамалын ала жүгіріп, бәйек болды да қалды.

Сенсеңіз де, сенбесеңіз де, бір концерттен куә болған оқиғаларымыз осы.

Өткенде театрға бардық. Сахнада қойылым жүріп жатқанда бір еркек телефонмен үйіндегі әлдекімге жоғалтқан затының тұруы мүмкін жерін айтып, түсіндіріп жатыр. Оны айтамыз-ау, телефонмен тоңазытқыштағы етін шығартып қойып жатқан әйел де жанымызда отырды. Ұялы телефонын шұқылап отыратындар туралы айтпай-ақ қояйық. Олар көп. «Шаншар», «Алдараспан», «Әзіл әлемінде» де осындай көріністер. Күйіс қайырған сиырдай сағыз шайнап отыратынымыз да бар. Сосын біздің концерт аяқталар-аяқталмастан дүркірей киім ілгішке қарай жүгіретін, кезекте тұрғандарды итеріп, басып-жаншып киім алатынымыз да жасырын емес. Сонда біз әлі де концертке, театрға бару мәдениетін білмейміз-ау.

Рас, шетелдің концертіне барып көрмедік. Бірақ теледидардан байқасаңыз, кешкілік концерттерде бантик таққан бір бүлдіршінді немесе үрпек бас бір балақайды байқамайсыз, залда сән-салтанаты келіскен кілең парасатты үлкен көрермендер, мәдениетті тыңдармандар отырады. Олар бала-шағасын балаларға арналған қойылымдарға, концерттерге, қуыршақ театрына немесе циркке апарады. Ал біздегі көрініс жоғарыдағыдай.

Тәрбиені бесіктен бастау керек дейміз ғой. Негізі, тәрбиені сол бесікті тербеткен анадан бастау керек-ау, әсілі!

Негізі, опера, балет, театр, кино, концерттерге барудың да этикеті бар. Мәселен, дәл концерт болатын күні ауырып тұрсаңыз, бармағаныңыз дұрыс. Жөтеліңізбен немесе басқа да жайсыз жағдайлармен жаныңызда отырған көрерменнің ойын, көңілін бөлесіз.

Театр немесе концертке классикалық стильдегі киіммен келу керек. Спорттық киіммен келу әбестік, әрине. Тіпті, көшеге, дүкенге ұстайтын сөмкеңізбен бармаған жөн. Өтірді құйып сеуіп алу да дұрыс емес.

Көрермен залына тіске басар тәттілер, суындар және басқа да тағамдармен кіруге болмайды.

Ұялы телефоныңызды өшіріп немесе дыбыссыз режимге қойыңыз. Концерт не спектакль кезінде түскен қоңыраулар өзіңізді немесе көрермендерді ғана емес, әнші, актерлерді де алаңдатады.

Орынға әуелі ер адам отырады, соңын ала әйел адам жайғасады. Сізден әрірек орынға отыратын адам сіздің алдыңыздан өтерде сыртын бермей, бетін қарата өтуге тиіс.

Залдан танысыңызды көріп қалсаңыз, сонадайдан айқайлап амандасудың керекі жоқ, жәй ғана басыңызды изеп, ишарат жасаңыз.

Былай қарағанда, бұл этикеттерге ешқандай да білім, ақыл қажет емес те секілді. Салтанатты залдың өзі адамды мәдениетке үндеп тұратындай мысы бар. Соған икемделсек жетіп жатыр.

Театрда, әлде концертте жүздескенше!

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ



«ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ҚАТЕЛІГІ»

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі документалист Бақыт Қайырбеков «Жастық шақтың қателігі» атты деректі картинасының түсірілімін аяқтап қалды.

Туынды ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілуде. Бұл Тенгри мен Аспанның бейнесін жаңғырту туралы поэтикалық деректі фильм болмақ дейді сала мамандары. Түсірілім тобы қазір Алматы облысының Қарасай ауданындағы Үшқоныр үстіртінде жұмыс істеп жатыр. Ал картинаның алғашқы әрі ең қиын бөлігі Иорданияда, әйгілі Петра қаласында түсіріліпті. Деректі фильмнің продюсері Айгүл Черендинованың айтуынша, фильмнің барлық негізгі көріністері түсіріліп біткен, тек деректі кадрлар, павильондарда өтетін шағын түсірілім жұмыстары қалған.

«Бақыт Ғафуұлы негізінде қазақ салт-дәстүрлерін түсіндіру маманы. Бұл фильмде біз өзіміз бен ең көне шумер мәдениеті арасындағы жаһандық байланысты көреміз. Бұл туралы Олжас Сүлейменов өзінің «Шумер-наме» кітабында айтып кеткен. Режиссер Сүлейменовтің прозалық шығармашылығын қайта қарастырып, салт-дәстүр поэтикасын жеткізуге және көрнекі бейнелер арқылы қазақтың мифологиялық санасын қайта жаңғыртуға ұмтылады», – деп атап өтті продюсер.

«Жастық шақтың қателігі» картинасының авторлары туындыны кең прокатқа шығаруды көздеп отыр.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ДҮБІРЛІ ДОДА

«ҚАЗАҚЫ ТҰЛПАР ҰШҚЫР БӘЙГЕГЕ ЖАРАМАЙДЫ»

Бәйгеде бап та, бақ та шабады

– Қазақы бәйгенің жаңашыл бағыты – ұшқыр ат жарысы туралы тарқатып айтып берсеңіз. Биылғы бәйге маусымы қай өңірде ашылды?

– Текті жылқыларды сынауға арналған классикалық ұшқыр бәйге негізінен ағылшындардың төл спорты. Англияда пайда болған ат спортында ағылшынның асыл тұқымды, таза қанды мініс жылқылары 2 жастан бастап бәйгеде шабады. Осы жылғы 22 наурыз күні Шымкент қаласындағы жаңа ипподромның ашылу салтанатына орай классикалық ұшқыр бәйгенің маусымы да ашылды. Одан кейін 9 мамыр күні Алматы облысының Байсерке ауылында классикалық және тегіс жарыстың күәсі болды. Ал қалада күнтізбелік жоспарға сәйкес биыл төртінші мәрте бәйге өтті. Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша бүкіл әлемде маусымдық сайыстар өтіп жатыр. 1000, 2000 гинейлік бәйгелерде шабыс жылқыларының ұшқырлығы сыналуда. 3 жасар байталдар мен айғырлардың арасындағы жарыста 1000 гинейге байталдар, 2000 гинейге айғырлар шабады. Бәйгеде тек 3 жасарлар ғана шабады.

Бір қуанарлығы, қала тұрғындарының ат спортына деген қызығушылығы артып келеді. Осындай классикалық бәйгелер арқылы жүйрік жылқылар мен мықты жокейлер іріктеліп болады. Осыдан 20–30 жыл бұрын осы бәйгені ұтқан ат фаворит болып саналатын. Кейінгі кездері ол жүйе алынып қалды. Әрбір бәйге атының өзінің мүмкіндігіне сай қашықтығы бар. 1600 метрге шапқан ат 1800 метрге шамасы жетпей қалуы мүмкін. Классикалық жарыста әр қашықтық үлкен маңызға ие. Бұрындары 1600 метрді жеңген ат фаворит болып, 2400 метрде де алдына қара жібермейтін. Аттың бабын білетіндер күздік бәйгені 2 жасында ұтқан жүйрік 3 жасында чемпион болады деп сенімді айта алатын. Бәйгеге қатысып жүрген аттардан ешқашан күдер үзуге болмайды. Әр аттың өзінің шабатын қашықтығы, уақыты болады.

– Ұшқыр бәйгені қазақы бәйгенің (аламан, құнан) заманауи үлгісі деп айта аламыз ба?

– Жоқ. Ұшқыр бәйге – бұрыннан келе жатқан дәстүр. Қазақ даласына тек соңғы жылдары ғана келе бастады деу – жаңсақ пікір. Бұл бәйгеде халықаралық ат жарыстары ұйымдастырушылары федерациясының ережелерімен шабады. Классикалық жарыстың біздің жерімізде шарықтап, дамыған кезеңі Кеңес үкіметі тұсында болды. Ал тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанда ұшқыр бәйге жиі ұйымдастырылатын. Кейін қазақы бәйгелерге көңіл бөлінді де, классикалық бәйге қалыс қалды.

Ең тәртіпті бәйге

– Ұшқыр бәйгенің аламан, құнан бәйгелерден ең басты ерекшелігі неде?

– Классикалық бәйге қысқа қашықтыққа лайықталған. Екіншіден, ең бастысы допинг бақылау деген болады. Егер бәйгенің алдында жылқыға тыйым салынған қандай да бір екепке салынатын болса, бәйгелерден шеттетіледі. Заң алдында жауапкершілікке тартылады. Атбегінің тренерлік лицензиясын, жокейдің лицензиясын алып қояды. Бәйге

Еліміздің әр өңірінде бәйге маусымы ашылды. Ас пен тойын бәйгесіз өткізбеген халқымыздың тұлпарлар дүбірі жаңғыратын мезгілі – дәл осы кезең. Қалада да ұшқыр бәйгенің маусымы ашылып, арғымақтар желмен жарысқанын га-зетіміздің өткен нөмірінде жазғанбыз. Енді Алатаудың баурайында күзге дейін әр 2 апта сайын жер тарпыған, бабы келген жүйрік жылқылардың бәйгесі өтіп тұрады. Осы ретте «Қазақ Жокей клубы» қоғамдық ұйымының төрағасы Мақсат Ахаевпен сұхбатымыз атбегілік өнердің заманауи үлгісі мен ұшқыр бәйгенің бүгінгі мен болашағына байланысты өрбіген еді.



жылқысын ешқандай бәйгеге қатыстырмайды.

Қазақы бәйгеде жокей аттың үстіне қонақтап отыруы, үзегінің қысқа болуымен де ерекшеленеді. Әр аттың бәйге барысында тепе-теңдікті дұрыс ұстайтын белгілі нүктесі болады. Шабандоз ат үстінде «таразының басын» тең ұстауға тиіс. Бұл әдіс шабыс кезінде жылқыға жеңіл болады. Жокей мен жылқы бір толқында болса ғана ұзақ қашықтықты өте қысқа уақытта оңай бағындыра алады. Жылдамдық өте жоғары болғандықтан, ең жүйрік аттар ғана қатысады. Әлемде жүйріктерді ат спортының осы түрімен ғана анықтайды. Өкінішке қарай, біздің қазақы бәйгелермен анықтамайды.

– Демек, бәйгенің алдында жылқыларды тексерістен өткізесіздер ғой?

– Бәйгеде кейін тексерістен өтеді. Қан алынып, сараптамаға жібереміз. Дүниежүзілік тәжірибеде бәйге аттарын осы жолмен тексереді. Алынған қанға сараптама жасату үшін Түркияға жібереміз. Арнайы зертхана мамандары бәйге атының қан құрамында қандай да бір күшті еселеп жіберетін (допинг) тыйым салынған қоспалар бар-жоғын анықтап береді. Қорытынды келгеннен кейін ғана жүлделерін ала алады. Жасыратыны жоқ, жүлдеге ие болу үшін небір китүркі әрекеттерге баратындар кездесіп тұрады. Кейбірін қожайындары білмеуі мүмкін. Жаттықтырушылар мен жокейлердің жүлдеден үлесі болғандықтан, мұндай заңсыз әрекеттерге олар да баруы мүмкін. Жарыс әділ өтіп, шын жүйрік қана жүлделі болуы үшін бәрі қатаң бақыланады. Бүкіл дүние жүзінде бір ғана классикалық ұшқыр бәйге өтеді. Сондықтан талап та, шарт та бәріне бірдей. Ешкім өзгерте алмайды. Бәйге аттары физиологиялық қабілеті мен мүмкіндігіне қарай ғана бәйгеге шабады. Таза қанды ағылшын жылқылары 1000–4000 метр қашықтықта сыналады.

Бір ғана жүйрік фаворит бола алмайды

– Қазақы бәйгеде шауып жүрген тұлпарлар ұшқыр бәйгеге қатыса ала ма?

– Олар ұшқыр бәйгеге жарамайды. Мәселен, бізде күрес, бокс деген спорт түрлері бар. Қазақстандық спортшылар әлем чемпио-

наттарына қатысып, чемпиондық атақ үшін барын салады. Сол сияқты, бізге шетелден бәйгеге қатысу туралы шақырту келсе, тек осы классикалық түрінен ғана ұсыныс түседі. Аламан, құнан бәйгедегідей жылқыны ұзақ қашықтыққа шаптыруға көп елде рұқсат жоқ. Шетелдің өзінде ең ұзағы 3800 метрге дейін ғана шабады. Жылқы өндірушілердің шетелде рөлі жоғары. Әр аттың бағасы бар. Бір ат 1000 доллар болса, енді бірі 100 мың долларға бағаланады. Аттың әкесіне, шешесіне қарайды. Тұқымына қатты мән береді. Әке-шешесі бәйгеде жүлде алып жүрсе, оның құлыны да қымбатқа бағаланады.

Соңғы жылдары бізде субсидия деген мәселе шықты. Ең сапалы бәйге жылқысын Қазақстанда өсіру үшін әлем елдерінің де тәжірибесін ескерген жөн. Шетелде туылған бәйге аттары бірінші, екінші, үшінші келсе, мемлекет атынан сыйақы беріледі. Бәйгеге ат жарататындар сыйақыны ұтуды ойлайды да, аттың сапасын өсіруге тырысады. Сол арқылы жылқыға дұрыс қарау мәдениеті қалыптасады.

Ат спортының қай-қайсысы да ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауына зәру. Кезінде біз таза қанды тұқымды жылқыларға экспорт жасағанбыз. Жылқы түрлерінің ішінде Қостанай жылқысы ат спортына бейім келеді. Американдықтардың өзі қызығушылық танытатын.

Қазақстанда осы саланы дамытуға қызығып жүрген ынталы азаматтар да аз емес. Алайда, мәселенің бәрі қаржыға, қолдауға келіп тіреледі. Мемлекет бұл салаға қаражат салып отырған жоқ. Барлық Жокей клубының арманы – дүниежүзілік жылқы федерациясының бәйгелерін ұйымдастырушылардың қатарына кіру. Біздің ел дәл қазіргі сәтте әлемдік федерацияның сапа бақылауында тұр.

«Ат жетпейтін жер жоқ»

– Бәйге аттары қалай іріктеледі?

– Допинг бақылау, салмағы мен құжаты сәйкес келу керек деген сияқты талаптар бар. Өте төмен рейтинг пен өте жоғары рейтингтегі жылқылар бір жарысқа қатыса алмайды. Екеуінің жасы бір, бір қожалықтан шығып, бір тренер дайындаса да бір бәйгеге қостырмайды. Егер қосса, әлсіз ат бәйгеде одан сайын сына береді. Ал жүйрік жылқы бәйгеде қарсыластары осал болғандықтан барын салмайды. Бәйге алаңында бәсеке керек.

– Ұшқыр бәйге болатыны туралы жылқы қожайындарына қалай ескертіледі? Дайындауға қанша уақыт беріледі?

– Жылдың басында жылқы иелеріне

жылдық күнтізбе жіберіледі. Соған сәйкес шаруа қожалықтары бәйгеге аттарын дайындайды. Алдын ала берілген бағдарлама арқылы жарты жыл немесе бір жыл бұрын дайындай бастайды. Еліміздің ғана емес, Қырғызстан мен Өзбекстан сынды көрші елдерден де бәйгеге қатысу туралы ұсыныс келіп тұрады.

– Жалпы, аттың бәйгеде келуі шабандозға да байланысты. Сіздіңше, бәйгеде қайсысының ықпалы жоғары?

– Әрине, бәрі жокейдің біліктілігі мен атты бағындыра алуына байланысты. Ұшқыр бәйге атын мәреге бірінші жеткізу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тұлпардың тұяғы мықты болып, бәйгеге дайын болуы атбегінің еңбегі. Атбегілік – біле білгенге үлкен өнер. Жер бетінде халқымыздан артық жылқының бабын білетін ұлт жоқ. Әркім әрқалай баптайды. Осындай ұшқыр бәйгелерге ат жаратудың әдісін білетін азаматтар көп. Бұл да бір спорт қой. Бірде мықты аттың, енді бірде осал аттың бағы жануы мүмкін.

Абай атамның 26-қара сөзінде: «Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады» деген сөзі бар. Бәйге ол – маңдайға берілген бақ, сәттілік. Әр секундтың өзі рөл ойнайды. Соңында келе жатқан ат мәреге жақындағанда бәрінен озып кетуі мүмкін. Жақсы ат қыза шабады деген бар.

– Ал жүлде қалай бөлінеді?

– 75 пайызы жылқы иесіне беріледі. Себебі, ең бірінші еңбек – соныкі. Жылқы өсіруде ең қиын, атбегінің ең көп энергиясын жұмсайтын кезі аттың 1,5 жасқа толғанға дейінгі кезі. Аман-есен өсірсе, әрі қарай оңай болады. Қазақта «малды малдай адам баға алады» деген сөз бар. Жылқы өсіру оңай шаруа емес. Жұлденің 15 пайызын бапкер алса, 10 пайызы жокейге тиесілі.

– Ат танымайтын қазақ жоқ. Бізде жүйрікті пошымынан, жүріс-тұрысынан танытын қазақы түсінік бар. Сәйгүліктерді сыртынан танып, баға беруге бола ма? Ұшқыр бәйгеге сыншылық жүре ме?

– Әрине, қазақ қашанда атты алыстан танып, бағасын беріп жүрген. Сізге бір құпияны ашайын. Бәйгенің алдында жокейлер атқа мініп, асықпай баяу жүреді. Атбегілер атты бірнеше жақтан сынап көреді. Біріншіден, бәйге алдындағы рухани күшіне қарайды. Фаворит болып, алдына қара салмас жүйрік жылқы бәйге алдында бабына келмей тұруы мүмкін. Өзінен-өзі терлеп, көзқарасы бөлек болуы мүмкін. Бәйге алдында атбегілер мен сыншылар аттың тұрпатына, жүрісіне мұқият қарайды. Нағыз бабында тұрған атқа бәс тігеді. Мұны заманауи сыншылық деуге болады. Бәйгеге баулыған аттың жағдайын көріп-білмей, сырттан тон пішуге болмайды.

Мықты жүйрік атты жүлде үшін кез келген бәйгеге қатыстыра беру де дұрыс емес деп санаймын. Олар да спортшы сияқты. Кейде бабына келмей қалады. Үнемі жүлде алып жүрген атты тек бас бәйгелерге ғана қатыстырған жөн.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



БАЙҚАУ

«ЖАС ҚАНАТТЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ

«Азия дауысы» халықаралық фестиваліне қатысып,
Қазақстанның намысын қорғайды

Бүгінде елімізге танымал болған талай өнерпаздың тұсауы кезінде «Жас қанат» ән байқауында кесіліп, көпке танылды. Биылғы байқауда да болашағынан мол үміт күттіретін тағы бір өнерлі жастың жұлдызы жанды. Қаламыздағы Оқушылар сарайының білім алушысы Дастан Тұрдалы «Жас қанат. Балалар–2023» байқауының «Вокал» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Осы байқауда Дастан орындаған «Самал-тау» халық әні көпшіліктің көңілінен шығып, үлкен жеңіс сыйлады. Ол байқаудың Гран-При иегері атанды. Бұл әнді Димаш орындағанда шетелдік тыңдармандардың да сүйсіне тыңдағаны белгілі. Сәтін салса, Дастан енді шілде айында «Медеуде» өтетін «Азия дауысы» ән байқауына қатысып, еліміздің намысын қорғайтын болады.

– Байқаудың Бас жұлдісіне ие болған сәтте қатты толқидым. Қуаңғаным сонша, қатты толқығанымды білемін. Жалпы, менің музыкаға деген алғашқы қадамым

3 жасымда басталды. Кейін 5 жасымнан бастап вокалға бардым. Содан бері көптеген республикалық және халықаралық байқауларға қатысып келемін. Әрине, менің жетістікке жетуіме ең алдымен ата-анам, Оқушылар сарайының ұстаздары көп көмектесті. Болашақта өзім пір тұтатын Димаш аға сияқты сахналарда, үлкен стадиондарда өнер көрсетсем деп армандаймын, – дейді Дастан Тұрдалы.

Сонымен қатар, ән байқауындағы 1-орынды Түркістан облысынан келген Зере Жүнісбай жеңіп алса, 2-орынды манғыстаулық Әмина Асғатова, 3-орынды Ақтөбе облысынан Балым Нысаналы иеленді. Жеңімпаздарға байқаудың белгісі, алтын, күміс және қола қанаттар табыс етілді. Сондай-ақ, алдағы «Азия дауысы» халықаралық фестиваліне белсенді дайындық жұмыстары үшін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың ақшалай гранттары табыс етілді.

Байқауды ұйымдастырушылардың айтуынша, «Жас қанат. Балалар–2023» «Жас қанат» байқауының тарихындағы жаңа бағыт болмақ. Еліміздің барлық өңірлерінен келген 22 үміткердің өнерін Әлібек Дінішев, Жәния Әубәкірова, Байғали Серкебаев, «Жас қанат» байқауының ең алғашқы Гран-При иегері Медеу Арынбаев және басқа да өнер қайраткерлері бағалады.



ЖЕТІСУ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жетісу ауданында «Мектеп автобусы» жобасы аясында ауданның мектеп оқушыларын тасымалдауға аса мұқтаж 4 мектеп таңдап алынған еді. Ағымдағы жылы осы сұранысты қамту үшін 16 автобус бөлініп, №80, 87, 112 және 193 мектептердің оқушыларын тасымалдай бастады. Сонымен қатар, «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектепке қосымша 200 орынды ғимарат салу жұмысы да жүріп жатыр.

«МЕКТЕП АВТОБУСЫ»

ҚОСЫМША ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
пайдалануға берілді

Дегенмен, аудан мектептеріндегі оқушы орындарының жағдайы біршама жақсарып қалды. Дәл қазір шамамен 3000 орын тапшы. Бірақ халық санының өсуі мен ауданда тұрғын үйлердің қарқынды салынып жатқанын ескеріп, биыл Боралдай көшесінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 1200 орынды жаңа мектеп пен бұрыннан бар мектептерге 450 орынды 2 қосымша ғимараттың құрылысы басталмақшы. Бұған қоса, №103 мектепке қосымша 200 орынды ғимарат пен №112 мектеп жанынан 250 орынды ғимарат салу жұмысы басталып кетті. Ағымдағы жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 1200 орынды жаңа мектеп және қолданыстағы мектептерге 450 орынды 2 қосымша құрылыс салу іске асырылады.

ТҰСАУКЕСЕР

Ұстаздардың ұстаханасы, ұлт тәрбиешілерінің парасат мектебі саналатын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ректор Гүлмира Қанайдың басшылығымен әлемдік бір топ ғалымдармен бірлесе шығарған «Қазақстан ұстаздарының көшбасшылығы» атты кітабының тұсауы кесіліп, қалың оқырманға жол тартты.

«ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ»



Қоғамда ұстаздық қызметтің мәні де, маңызы да, тіпті тікелей жауапкершілігі де артып келеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейтін халық даналығы қай елге, қай ұлтқа болмасын ақиқаттығын тағы бір дәлелдеді. Білімді де білікті жас ұстазды жаңа ұжымда қалай ұстап қалуға болады? Ұстаз көшбасшы болу үшін міндетті түрде қолында билік болу керек пе? Педагогикалық жоғарғы оқу орындары мен мектеп

ұжымдары арасындағы алшақтықты қалай жақындастыруға болады? Қойылған жоғары баға білім сапасының нақты көрсеткіші бола ала ма?

Ал білім сапасы төмендігінің салдары қайда әкелді? Оқу бағдарламаларының мазмұны заманауи талаптарға жауап бере ме? Осы сынды сан сұрақтарға әлемдік деңгейде осы мәселелермен айналысып жүрген белгілі британдық (Кембридж) ғалымдар мен отандық спикерлер өз іс-тәжірибелерімен, ойларымен бөлісті. Конференцияға қатысушылар толығымен синхрондық құрылғымен қамтамасыз етілгендіктен, барша жұрт (конференцияға қазақстандық жетекші оқу орындары мен мектептерінен өкілдер қатысты) бір тілде пікірлесіп, ой-тәжірибелерімен еркін бөлісті.

Жиын аясында университетті биыл тәмамдайтын бітіруші курс студенттерінің өз диплом жұмыстарын Lesson study бойынша көпшілік алдында еркін қорғап шыққандықтары да көңіл қуантты (айта кету керек, бұл тәжірибеде Қыздар университеті мемлекетімізде көш бастап тұрмыз). Екі күнге созылған жаңаша еркін форматтағы пікір алмасу, білім беру мен тәрбие саласындағы озық тәжірибе түрлерімен ашық бөлісу алаңына айналған конференция аясында Қазақстандағы педагогикалық білім беру үдерісіндегі тәжірибеге негізделген оқу мен оқыту, мектеп ұстаздарының көшбасшылығы сынды келелі мәселелерді арнайы терең зерделеп жүрген білікті ғалым, ғылым докторы, университет ректоры Гүлмира Әмірханқызының Әділетті Қазақстанның әділ шешімдерінің бірі осы болар деген оймен, жас көшбасшының жаңаша әрі жоғары деңгейде ұйымдастырған тағылымды шарасына көңіл толып, тың ойлар мен озық идеяларға қоржындарын толтырып, жиналған қауым қуана тарасты.

Ләззат МАХАЙҚЫЗЫ,
Қыздар университетінің профессоры.

ПЕДАГОГИКА

МЕНЕН БАҚЫТТЫ ЖАН ЖОҚ

Үйдегі төрт қызымды қосқанда, отыз баланың анасымын, –
дейді Күлпан Сапарбекова

Баланың тілін тауып, олардың періште көңілінен орын алу – кез келген адамның қолынан келе бермейтіні анық. Десе де, баладан өткен көрген, баладан асқан сезімтал жан тағы жоқ. Олардың басты қасиеті – жақсы мен жаманды бірінші аңғарып, байқай білетіні. Міне, сол талғам төрінен табылып, қазіргі таңдағы ең мәртебелі мамандықтың иесі атанып жүрген Әуезов ауданына қарасты №62 балабақшаның үздік тәрбиешілерінің бірі – Күлпан Сапарбекова.



Күлпан Сапарбекқызы мектепте оқып жүрген кезде-ақ бастауыш сынып мұғалімі немесе тәрбиеші болуды қалайтын. Сондықтан «Кім боласың?» деген сауал қойыла қалса, «Исабек ағай сияқты бастауыш сынып мұғалімі, иә болмаса, балабақшада тәрбиеші болам», – дейтін. Тілі балдай тәтті, қылықтары қызықты, періште көңіл балалармен жұмыс істеу қатты ұнайтын. Өздерінен оқ бойы озық жүретін Күлпанның бұл таңдауына сыныптастары да тандана қоймайтын. Өйткені, көпбалалы шаңырақта өскен, Күләштай қатаң талапты әженің, Ұлболсындай ана тәрбиесін көрген Күлпан Тойлыбайқызының бойында ұстазға тән мінездің бәрі бар еді.

Мектеп бітіріп, қолына куәлігін алған Күлпан Оңтүстік Қазақстан облысындағы педагог мамандар дайындайтын оқу орнының мектепке дейінгі тәрбие факультетін таңдады. Қай балалар мекемесіне тәжірибеден өтуге барса сол мекеменің әдіскерінің жанынан табылып, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің тәлімді әдіс-тәсілдерін меңгеруге, болашақта оны өз тәжірибесінде қолдануға ынталы болды. Тәлімгерлері де жас қыздың қиын да қызықты мамандықты таңдағанына риза боп, жұмысқа да шақырып жататын. «Бала тәрбиелеу оңай емес, қызым, бала деген еліктегіш, сенің бойыңдағы мінезді, қасиетінді бойларыңа сіңіріп алады. Балаға жақсы қасиеттеріңді дарыта аламын, олардың тұлға болып қалыптасуының іргетасын қалауға өз үлесімді қоса аламын десең ғана, мамандығыңды дұрыс таңдағаның» деген еді анасы. Содан бері де ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Қай мекемеде жұмыс істесе де өзін жан-жақтылығымен, ұлттық құндылықтарды дәріптей алатын іздемпаздығын таныта білді. Ең бастысы – балалардың талғамынан шығып, жүрегінен орын алды.

– Бала-шаға қалымен Алматыға қоныс аударып келген

тұста, өз мамандығыммен жұмыс істеуге қатты жүрексіндім. Өйткені, біз үшін Алматы – жаңалықтар мен жақсы бастамалардың орталығы. Ондағы талап та, талғам да бөлек болып көрінетін. Үш-төрт жылдай сыртта жүргеніммен, басқа жұмыс қолымнан келмейді екен. Жүрегімді жаулап алған балалардың қылығын сағынып, балабақшамен қайта қауыштым. Бүгінде №62 балабақшада жұмыс істеп жүргеніме сегіз жылға таяп қалды. Алматының талғампаз ата-аналары мен балаларының тілін тауып, жемісті еңбек етіп жатқан жайым бар. Таңертең балалар есіктен кірген бетте «Күпатай апай!» деп құшағыма құлай кеткенде, менен бақытты жан жоқ шығар. Үйдегі төрт қызымды қосқанда, отыз баланың анасымын, – дейді Күлпан Сапарбекова.

Өзінің ғана емес, өзгенің де еңбегін әділ бағалайтын Күлпан Тойлыбайқызы балабақша меңгерушісі, Білім беру ісінің үздігі, Желтоқсан қаһарманы Гүлназым Қиялбекованың еңбегін айрықша атайды. Өзінің әріптестері Айнагүл Жұмағазықызы, Әсел Дүйсенбекқызының еңбегін мақтан етіп отырады. Мамандығын ғана емес, маңайын да жақсы көретін Күлпан Тойлыбайқызы өткізетін әрбір іс-шара жаңалыққа толы болады. Топтағы орыс қызы Теананың тілін қазақша шығарған Күпатай сынды жақсы ұстаздан тәлім алған баладан жақсы тұлға қалыптасары анық.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



КЕЗДЕСУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Алматыда кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру мәселелері талқыланды



Кездесуге БАӘ-нің Қаржылық барлау бөлімінің басшысы Али Файсал Ба'Алави, Бас операциялық директор Уалид Аль Ауадхи және коммуникациялар мен стратегиялық

серіктестік жөніндегі директоры Мохамед Шало қатысты.

Тараптар екі елдің қаржылық барлау бөлімшелерінің ынтымақтастық мәселелерін талқылады. БАӘ-нің жасанды интеллектке

Алматыда кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың 38-ші пленарлық апталығы өтіп жатыр. Соның аясында ҚМА төрағасы Жанат Әлимановтың БАӘ-нің Кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі атқарушы кеңсесінің Бас директоры Хамид Әл Заабимен кездесуі өтті.

негізделген IT-технологияларды енгізу тәжірибесі ерекше қызығушылық танытты. Қазақстан бұл тәжірибені аумақтық және халықаралық деңгейде заңсыз қаржылық операцияларды неғұрлым тиімді анықтау мақсатында зерделеуге ниетті.

Мемлекет басшысының заңсыз шығарылған активтерді

қайтару жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында тараптар бірлескен жұмысты жандандыру туралы келісімге қол қойды.

Тараптар бұл кездесудің қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы күресте екі елдің ынтымақтастығын дамытуға және нығайтуға жаңа серпін береді деген ниет білдірді.

САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫ

АЛМАТЫ ПРОКУРАТУРАСЫ

Мемлекетке 8 млрд теңгенің салығын қайтарды

Алматы қаласының прокуратурасы талдау барысында «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС-нің салықты азайту фактісін анықтады. Бұл компания жыл сайын KAZ Minerals Aktogay Finance Limited холдинг компаниясына дивиденд төлеп келген.

Салық заңнамасына сәйкес құн өсімінен түскен табыстар, дивиденд, сыйақылар, роялти төлем кезінен 15% мөлшерлемесі бойынша салық салуға жатады. Алайда, салық есептілігін тексеру кезінде ЖШС жыл сайын 2018–2022 жылдар аралығында талап етілетін

15% орнына 10% бойынша салық ұстап, резидент емес ретінде сыйақы төлегенін көрсетті.

Прокуратураның талабы бойынша салық органы ЖШС қызметінде корпоративтік табыс салығын есептеу мен төлеудің дұрыс-бұрыстығын тексерді.



Аталған фактілер расталып, 8,2 млрд теңге көлемінде қосымша салық есептелді.

Салық төлеуші көрсетілген соманы мемлекет кірісіне толық көлемде төледі.

ҰЛТТЫҚ БАНК



НЕСИЕ БЕРУ ШАРТЫ ӨЗГЕРДІ

1 қазаннан бастап микрокредиттердің пайызы жаңа әдіспен есептеледі

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2023 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Ұлттық банктің «Микрокредит беру шарты бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізді.

Түзетулерге сәйкес, азаматтармен 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге кепілсіз микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мөлшері: тәулігіне 1%-дан аз, бірақ 30 АЕК-ке дейін (103 500 теңгеге дейін) берілген микрокредит сомасының 20%-дан аспауы; тәулігіне 1%-дан аз, бірақ 30 АЕК-ке тең немесе одан жоғары (103 500 теңгеден астам) берілген микрокредит сомасының 15%-ынан аспауы керек.

Азаматтармен кепілсіз микрокредиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшері күніне 0,8%-дан аспайтын, бірақ 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілген микрокредит сомасының 20%-ынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

45 күнтізбелік күннен асатын мерзімге азаматтармен микрокредит беру шарты бойынша сыйақының шекті мөлшері тәулігіне 0,4%-дан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ТӘРТІПТІК ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Айнабай МӘДИ

ҚР Бас прокуратураның баспасөз қызметі ПМ орталық аппараты, ҚАЖК мен аумақтық полиция департаменттерінің 19 басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын мәлімдеді.

«Бас прокуратура полиция ғимараттары мен ҚАЖК мекемелеріндегі тексеру кезінде бейнекамералармен қамтылмаған 5812 учаске, ғимарат пен 900 жұмыс істемей тұрған камераны анықтады. Прокуратураның ұсынысымен «көрінбейтін аймақтарды» болдырмау үшін 3783 қосымша бейнекамера орнатылды. Ғимараттарды толық жарактандыруды жыл аяғына дейін аяқтау жоспарлануда», делінген ҚР Бас прокуратураның баспасөз қызметінің хабарламасында.

Азаптаудың алдын алу бойынша маңызды қадамдардың бірі – полицияның пенитенциарлық мекемелері мен қызметтік ғимараттарға үздіксіз бейнебақылауды енгізу. Бас прокурордың орынбасары Болат Дембаев Ішкі істер министрлігінде өткен ведомствоаралық кеңесте бүгінде 88 азаматқа қатысты тергеудің рұқсат етілмеген әдісін қолдан-



ғаны үшін пәрменді құрылымдардың 39 қызметкері қылмыстық жауапқа тартылатынын айтты. Министрлік басшылығына психологиялық тестілеу өткізу арқылы азаптауды қолдануға бейім қызметкерлерді алдын ала анықтау ұсынылды.

МАМАН КЕҢЕСІ

Нұрсұлтан РОМАН,
IT маманы:Жеке дерекке
абай болыңыз!

ЖСН әр азаматты код арқылы танып-білуге арналған арнайы жүйе екені түсінікті. Жеке куәлік арқылы жасалынатын алаяқтықтан сақтану үшін ЖСН-ді интернет желісіне жүктемеңіз.

Қатты қажеттілік болмаса, сурет арқылы басқа біреуге жібермеңіз. Жібергеннің өзінде өшіріп тастауын сұраңыз. Алаяқтар жеке мәліметтеріңізді пайдалану арқылы сіздің атыңыздан микрокредит алып, сізге қателесіп ақша жібергенін хабарлап, алаяқ өз картасына ақшаны қайтарып жіберуін



сұрауы мүмкін. Ойламаған жерден картаңызға ақша түскен соң расымен солай деп ойлап қалуыңыз мүмкін. Мұндай жағдайда алдымен банк қызметкеріне хабарласып, ақшаның қайдан, қалай түскенін анықтап алып, ақша түскен шотқа қайта қайтаруын сұраңыз.

Басқа азаматтың телефонынан немесе компьютерінен жеке құпия сөз арқылы кірмеуге тырысу керек. Жеке кабинетке кірген жағдайда құпия нөмеріңізді өшіріп жүрсеңіз, жеке мәліметтеріңізді компьютерге немесе ұялы телефонды қолданған келесі азамат пайдалана алмайды.

Жеке құпия сөзді таңдағанда қазіргі таңда көпшілігі өзіне қатысты, жақын туыстарының туған күнін, жылын, айын қойып жатады. Осы жерде ескеретін жағдай, тек сандардан тұратын құпия сөз таңдамаңыз, яғни мүмкіндігінше, өзіңізге қатысы жоқ сан, әріп және таңбадан құралған құпия сөз қолданыңыз. Құпия сөзді таңдаудың ең оңай жолы компьютерде кириллица әріптерінен құрастырылған сөзді пернелері арқылы латын әрпіне ауыстырып терген дұрыс. Кибералаықтардан сақтанудың басты жолы осы.

Кез келген ақпараттың рас-өтірігін анықтау үшін банк қызметкерлеріне, соған қатысты мамандарға хабарласып, анық-қанығын анықтап алғаныңыз жөн. Қазір көптеген мекемеде компьютерге жеке карта арқылы кіру тәжірибесі сыналпып жатыр. Әрбір картада қызметкерге бекітілген код-кілт болады. Компьютерде кардридер жалғанып, оған картаны жүктегеннен кейін барып компьютер қосылады. Сол арқылы әрбір компьютерді қай қызметкер қолданып отырғанын білуге болады.

Бастысы, қызметкердің қызметіне сәйкес қосылу деңгейі бар. Кейбірінің барлық жерге шексіз мүмкіндігі болса, кейбіреуінде тек Word, Excel құрылғыларын пайдалануға ғана рұқсат берілуі мүмкін. ЖСН мен жеке құпия сөз сақталмауын қадағалау қажет. Көпшілігі браузерде құпия сөзді қайта термеу үшін «сақтау» сілтемесін басады.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



СҰХБАТ

Ақжүрек ТАҢАТАРОВ, еркін күрестен Олимпиада ойындарының, әлем чемпионатының қола жүлдегері:

ҚАЗАҚ СПОРТЫНА АДАЛДЫҚ ҚАЖЕТ

АУЫЛ БАЛАСЫН БАУЛЫСАҚ,
ЧЕМПИОНДАР ШЫҒАДЫ

– Елде спортқа қаншалықты көңіл бөлінген?

– Осы күні елімізде спорттық оқу-жаттығулар өткізіліп келеді. Бірақ стадион сияқты арнайы орындардың жағдайы сын көтермейді. Қап тауының ішіндегі ағайындардың спорт залдарында 1-2 мыңға жуық адам жаттығу жасайды. Арнайы турник, брусья, жүгіруге арналған құрылғылар қойылған. Ал ондай заттар бізде фитнес-терде ғана қарастырылған. Тіпті сыртта, көшелерде бар. Қалаған адам барып, қолданады. Таңғы сағат 5.30-дан бастап жаттығу басталады. Осылайша халықты спортқа шақырады.

Қап тауы халықтары спортқа қатты көңіл бөледі. Ол жақтағы спорт алаңдарының сапасы 100%-ға жетеді. Бізге де сапалы құрылыс жүргізсе екен. Бәрі бірдей спортшы болмаса да, дұрыс азамат пен азаматша өсіп шықса дейміз. Қазіргі таңда түрлі ауруларға душар болған, ілмиген, майысып, сызылған ұлдарды, зиянды заттарға әуес қыздарды көріп қарын ашады. Сондай кері әсерлерден сақтау үшін спорт аса қажет.

– Қазақ үшін күрестің орны бөлек. Әлі күнге дейін Жаксылық Үшкөмпіров сияқты Олимпиада чемпионы неге шықпай келеді?

– Шынымды айтар болсам, бұның мәселесі көп. Олимпиада, Азия, Әлем чемпионы көбірек шығуы үшін көңілі бапкер керек. Шеберлігі асқан адам шәкіртіне өз баласындай қамқорлық жасауы қажет. Негізі, республикалық арнайы ұйым құрып, жаттықтырушылардың біліктілігін шыңдап отырса екен.

Әрбір аулада спортпен айналысуға жағдай жасалса, жұрттың құлшынысы артады. Міне, осы айтылған ой-пікірлерді іске асыру қажет. Сонда ғана 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жаксылық Үшкөмпіров ағамыздың ерлігін қайталай аламыз. Керек десеніз, шетелде оқытайық. ТМД аумағындағы Грузия, Армения, Ресей, Әзербайжанда күрес мықты. Іргедегі Қырғыз ағайынның да бағы жанып келеді. Қырғыздар Америка мектебін меңгерген деседі. Яғни «еркін күрес» жақсы қолға алынған. АҚШ-та ғылыми тәжірибелік процесі жолға қойылған. Осындай жағдай түзілген уақытта күрес жанданады. Қалған посткеңестік елдер баяғы кітапта жазылған ережеге бағынады. Былайша айтқанда, жандандырмаған. Ал бізде әр облыс әртүрлі күреседі. Біреуі кеңестік тәртіпті сақтайды, ендігісі жаңа методика пайдаланады. Тұтас жүйе, қағида болмай тұр. Өңірлерді оқу-жаттығу жиындарына жинағанда осы олқылық көзге ұрады. Осының салдарынан Халықаралық жарыстарға шыққанда өте қиын болуда. Мардымды нәтиженің болмауы осындай ала-құлалықтан.

– Спортқа жанашыр тұлғалар «Қазақстан барысы» жобасы қазақ күресінің ережесін бұзады деп алаңдайды. Алаңдаушылыққа негіз бар ма?


Ел арасында «спорт – денсаулық кепілі» деген сөз кезігеді. Тегін айтылмаса керек-ті. Сондықтан аталған бағытқа көңіл бөлетін кез жетті. Бұл орайда атқарылып жатқан істер де баршылық. Қазақ спорты ілгері басып келеді. Соның ең негізгі көріністері ретінде Ташкенттегі Әлем чемпионаты, футболшы қыздардың Данияны ұтуы, Қысқы спорттағы жетістіктерді жіпке тізе беруге болады. Соңғы кездері спортқа бетбұрыс оңалды. Жастар келуде. Сайдның тасындай жаңа есімдер жарқырауда. Бұл деңгейге жету оңайға соққан жоқ. Бұнымен тоқтап, марқауға әсте болмайды. Бұл тұста кеткен кемшілік пен олқылықтар да бар. Ол жағы жасырын емес. Осы ретте Лондон Олимпиадасынан қоланы иемденген, 2017 жылы Азия біріншілігінің алтын жүлдесін қанжығалаған Ақжүрек ТАҢАТАРОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Қазіргі таңда «қазақша күрес» бойынша 3-4 федерация ашып тастаған. Әрқайсысы «менің қазақша күресу стилім дұрыс» деп кеуде соғады. Жақсылық Үшкөмпіров ағамыздың атымен аталатын қазақша күрестен әлем чемпионаты ұйымдастырылды. Бұл Мәдениет және спорт министрлігінің бекіткен ережесіне сәйкес өтті. Өйткені, дүниежүзілік UWW тізіміне енді. Соның шеңберінде аталған байрақты бәсеке өткізілді. Біздіңше ең дұрысы осы деп ойлаймын.

Өссе аяқтан тартып, өспегенді үстінен басатын қылықтан аулақ болайық. Кезінде

Оларда да сайысқа шығып жүрген екі қол, екі аяғы, басы орнында біз сияқты жандар. Бұл арадағы кілтипан басқада. Өңгімені тарихтан қозғайын.

Ұағында ата-апаларымыз батыр халық болды. Мың тәубе, осыншама жерді қорғап қалды. Ұрпақтарына мұраға қалдырды. Қаншама шапқыншылықтан аман сақтады. 1921–1923 және 1931–1933 жылдардағы аштықтан, қуғын-сүргіннен өттік. Соғыс, репрессия құрбаны болды. Жаратқан қазақты өзі сақтап келе жатқандай. Нәубет жылдардан кейін күн шықпайтындай көрінді. Десек те, түбінде бір жақсылыққа бет бұрып келеміз.



1937-1938 жылдары шолақ белсенділер Алаш ардақтыларының игі істерін көре алмады. Домалақ арыз жазып, көреалмаушылықтың зардабын тартты. Бұл кеселден әлі де арыла қоймадық. Бұны мойындаған абзал. Қоғам түзелуі үшін ендігі кезекте жастарымыздың сана-сезімін оятып, ұлттық рухын жани берейік. Бәлкім, бір уақытта оналамыз. Сол себептен, қандай сайыс ұйымдастырсақ та, дұрыс айтылған сын-пікірді ескерейік. Қазақша күрес қазақтың ұлттық спорты екенін естен шығармайық. Барша ережені сақтап, қорытынды шығарып, әлемге танытудан танбауымыз қажет деп білемін.

ҚАЙСАР ХАЛЫҚТЫҢ
ҰРПАҒЫМЫЗ

– Ташкентте бокстан ӨЧ өтті. Өзбекстан, Ресей ешкімге дес бермеді. Салалас спорт болғандықтан сұрайыншы, ұлттық геніміз әлсіреп кетті ме, неге көршілер озып барады?

– Қазақтың ұлттық гені әлсіреді немесе аса бір кем қалып қалдық демеймін.

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫ
ДЕМЕЙІК

– Әлеуметтік желіде жүлделі болған спортшылардың ұтқан қаржысын есептеп, сөз қылуда. Мұның не қажеті бар...

– Өте жөн айттыңыз. Әлгінде айтып өткенімдей, біреудің дүниесін, тапқан ақысын есептеу әбестік. Мықты боламыз десек, әркім жастайынан еңбектенсін. Өзін көрсетсін. Дүйім жұртты таңдандырсын. Оған ешкім қой демейді.

Елде небір бай-қуатты кісілер баршылық. Жүлделі орын иеленген спортшыға риза болып, көлік, пәтер сыйлап жатады. Ол бала Олимпиада, Әлем чемпионы болса, осы елдің намысын, туын көтеріп, әнұранын шырқатты. Менде де осындай жағдай болды. Олимпиададан жүлделі оралдым. Сол кезде меценат Кеңес Рақышев ағамыз жомарттық танытты. Тараздан үй сатып алып берді. Ол кісі күресімнің ұнағанын айтты. Сондай қолы ашық, мырзалық көрсеткен ағалардың ісін кері түсінбейік.

Жуырда Әлем біріншілігінде 4 алтын, 1 күміс еншіледік. Боксшыларымыз ерледі. Бұл қазақтың шын жүректен қуанатын жағдайы. Сондықтан бір-біріміздің жетістігімізге қуанып жүрейік.

ҚАҢДАСТАРДЫ ҚҰРАМАҒА
ҚОСАЙЫҚ

– ӨЧ-да Қытайға күмісті Токтарбек Таңатқанұлы, Өзбекстанға алтын медальді Руслан Абдуллаевтай этникалық қазақтар алып берді. Бір кездері Олимпиадада ұтқан Ниджат Рахимов лезгинка ұлттық биін биледі. Легионер әкелуді қашан қоямыз?

– Бұл күйіп тұрған тақырып. Сондай-ақ, көпшіліктің зығырданын қайнатып тұр. Кезінде Таймурат Сегиев, Леонид Спиридонов, Семен Семенов, Марик Буталимов сынды қаптаған легионерлер болды. Оларға миллиондаған ақша бөлінді. Біз 100 доллар айлық алғанда, олар 3-4 мың доллар жалақыға кенеліп, марқайып жүрді. Легионерлер осынша жыл жүріп ештеңе қатырмай кетті. 2008 жылы Олимпиада легионерлер Леонид Спиридоновты қосып алды. 2012 жылы ешбіріне дес бермей, Лондон Олимпиадасына бардым. Қоланы ұттым. Сырттан алып келгендерге жалбақтауды қоймасақ, іс өнбейді. Әрине, сосын татамиде өзінің ұлттық рухын көтереді.

Бізде Бекзат Саттарханов, Бахтияр Артаев, Серік Сәпиев, Данияр Елеусінов сияқты жастарға үлгі-өнеге болатын айрықша жігіттеріміз, тау тұлғарымыз жеткілікті. Хабиб Нұрмағанбетовке миллиондаған доллар жаратып, балалармен сөйлестіргенше өз ішіміздегі еңсегей бойлы ер-азаматтарымызды қадірлейік. Бір ғана Бахтияр Артаевтың өзі «Вэл баркер» атағын ұтты. Қандай тамаша жетістік. Өз қазағымыз өзімізге қажет. Осыны ұмытпайық.

Қазақ жастарына қамқорлық жасау қажет. Дүниежүзілік додада атой салсын десек, ауылдың кара домалақ балаларын спортқа баулыған абзал. Өзімізді-өзіміз демейік. Сырттан келіп ешкім аузымызға ақ майды тамызбайды.

Біз қай уақытта спортқа адалдық танытамыз, сол сәттен бастап ілгерілейміз. Ендеше, Қазақ елін әлемдік аренада паш ететін, ол – спорт. Сондықтан «әр қазағым – жалғызым» деп, жас өрендердің жолын ашайық. Сонда ғана біз Олимп шыңын бағындырамыз.

– Жеңісті күндерде жолыққанша! Көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.


ЕҢБЕК АДАМЫ

ІЗГІЛІКТЕН ІЗ ҚАЛАДЫ

Осы бір нәзік те әдемі әйелдің жетекшілігіндегі Алматы ревматология орталығы бүгінде еліміздегі ең үздік клиникалардың біріне айналып үлгерген. Бүгінгі кейіпкеріміздің аты-жөні – Анаркүл Күлембаева. Ақ халатты абзал жанның үлкен де мейірімді жүрегімен адамдарға қызмет етіп жүргеніне 30 жылдан асыпты. Осындай аяулы жан туралы сөз саптап көрейік бүгін.

ТӘЖІРИБЕ

Анаркүл Күлембаева студент кезінде-ақ, дәлірек айтсақ, Алматы мемлекеттік медицина институтының (қазіргі С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) алғашқы курсында-ақ қайнаған еңбектің ортасынан табылып, №4 қалалық клиникалық ауруханасының инфекциялық бөлімінде санитарка болып жұмыс істеген. Одан кейін үшінші курсын бітірген жылы гинекология бөліміне медбике болып ауысты.

Жастайынан бойына білім мен тәжірибені молынан сіңіріп алған ол қолына дәрігер деген дипломы тиісімен, күрделі де жауапты салаға бірден қойып кетті. Сөйтіп, тоғыз жыл кардиолог-дәрігер болып, одан 20 жылдан астам уақыт Алматы қалалық Денсаулық сақтау басқармасына қарасты «Қалалық кардиология орталығында» бөлім басқарды.

Анаркүл Бәкірқызына тәулік бойы сапта жүретін қауырт жұмысы диссертациялық іспен де айналысып, медицина ғылымының кандидаты деген атағын қорғауына еш кедергісін келтірмеді. 2015 жылы қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебін абыройлы тәмамдады. Бір жылдай қаланың денсаулық саласында штаттан тыс бас кардиолог, қан айналымы жүйесі аурулары мәселесі бойынша үйлестіруші, одан соң төрт жыл Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы бас дәрігерінің медициналық бөлім бойынша орынбасары болды. Ал 2017 жылдың ақпан айынан бері қалалық ревматология орталығын басқарып отыр. Айтпақшы, аталған орталық 2018–2020 жылдардың қорытындысы бойынша Қазақстан стационарлары қызметінің рейтингінде үздік ондыққа кірген болатын.

ЖАҒАНЫҢ АТЫ – ЖАҒА

Ревматология орталығы 2008 жылы құрылған және ол еліміз бойынша ревматологиялық аурулары бар науқастарға көмек көрсететін жалғыз көпсалалы мамандандырылған медициналық мекеме. Бұл орталықтан жыл сайын үш мыңнан астам пациент стационарлық ем-дом қабылдайды, ал мыңға жуық адам стационарды алмастыратын терапия алады, 40 мыңға жуық отандасымызға медициналық түрлі кеңестер беріледі.

Қалалық кардиология орталығы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Ревматология кафедрасының клиникалық базасы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ішкі аурулар кафедрасы болып табылады.

– Кейінгі он жылда орталықтағы науқастар саны 2,3 есе өсті. Барлық адамға толыққанды медициналық көмек көрсету үшін ауқымды, кеңірек бөлмелер қажет болды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қолдауымен бізге Құрманғазы көшесінің бойынан 4,5 мың шаршы метрден астам аумақты алып жатқан ғимарат берілді. Бұл орталықтың қызметін бұрынғыдан да жақсартуға, тәулік бойы қызмет көрсететін стационардың төсек-орнын 120-ға дейін, ал күндізгі стационардың күшін 20 төсекке дейін арттыруға мүмкіндік берді. Осы орайда Ерболат Асқарбекұлына өзімнің, ұйымшыл ұжымымның және пациенттеріміздің атынан алғыс айтқым келеді. Біз бұл сәтті өте ұзақ күткен болатынбыз, – дейді Анаркүл Күлембаева.

Әрине, бұл оқиғалардың артында іскер басшының ғаламат моральдық және физикалық күш-қуаты жатқаны сөзсіз. Нәзік нығымен ердің жүгін көтеріп жүрген Анаркүл Күлембаева бүгінде орталыққа заманауи тың жаңалықтар енгізу үшін тынбай еңбек етіп жүр. Айтпақшы, жақында пациенттер санының артуына байланысты төрт операторы бар Call-орталық құрылды. Сондай-ақ, келіп түскен ақпараттар бойынша іс-шараларды неғұрлым жедел қабылдау үшін WhatsApp-бот енгізілді.

МАҢЫЗДЫ МИССИЯ

Ревматолог – бұл баршаға кеңінен танымал емес, бірақ маңызды мамандық. Дұрыс ем-дом тағайындау үшін дәрігерге асқан біліктілік керек. Анализдерді, ультрадыбыстық, ЭКГ және басқа да зерттеулердегі түрлі сәйкессіздіктерді бір-бірімен салыстыра, зерделей отырып, дәрігер буын ауруының негізгі себебін анықтауға тырысады. Тіпті, кейде біздің ревматологтардың білім-білігінің, дұрыс диагнозының нәтижесінде аса күрделі, емге көне қоймайтын генетикалық аурулардың да беті бері қарап жатады. Бас дәрігер барлық науқаспен жеке кездесіп жатпаса да, олардың ахуалы мен денсаулығы туралы мәліметтерді әрдайым сұрап, біліп отырады. Анаркүл Бәкірқызы, әсіресе,



жағдайын, ахуалын үнемі бақылауда ұстап отыруға мүмкіндік береді.

Ревматикалық дерті бар әрбір жүкті әйелге кешенді кеңес беру үшін орталық базасында апта сайын және қажет болған жағдайда кафедра профессорлары мен доценттерінің қатысуымен консилиум жүргізіледі. Бұл әрі қарайғы емдеу әдісін бірлесіп анықтауға және қандай да бір төтенше жағдайлардың жедел алдын алу үшін керек. Себебі, ақ халатты абзал жандарға құрсағында баласы бар әйелдер үлкен үміт артады, имандай сенеді. Сондықтан орталық дәрігерлері мүлт кетпеуге тырысады. Иә, әйелдің де, баланың да амандығы, әрине, бүкіл ұжымның үйлесімді жұмысының нәтижесі.

Анаркүл Бәкірқызы сұхбат барысында есінде қатты қалған оқиғалардың бірімен бөлісті. 27 жастағы науқас тұңғышын босанғаннан кейін бес жылдан соң аутоиммунды кеселге шалдығады. Пациентке алты ай бойына қажетті ем-домдар жасалғанымен, ем қонбаған.

– Әйел бізге өте ауыр жағдайда түсті, дене салмағы небәрі 34 кг болды, енгігіп әрең дем алатын. Профессор Б.Исаеваның басшылығымен емдеу курсы тағайындалып, сонда ғана нәтиже бере басталды. Ең қуанарлығы, әйел сондай ауыр диагноздан сауығып, көп ұзамай бала көтеріп, өмірге дені сау сәби әкелді. Біз үшін ең үлкен сыйлық, мәртебе, міне, осы! – дейді дәрігер жылы ғана риясыз жымиып.

СӨЗДЕ ДЕ ШИПА БАР

Біздің кейіпкер ревматикалық ауруға шалдыққан науқастарды психологиялық тұрғыда қолдай білу дәрі-дәрмек терапиясынан еш кем емес дейді.

– Дұрыс ұйымдастырылған консультативтік-диагностикалық, емдік, оқыту, әдістемелік іс-шаралардың арқасында біз жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Психологиялық қолдаудан кейін ревматикалық аурулардың белсенділігі төмендеп, жүктілік те, босанғаннан кейінгі кезең де ешқандай асқынуларсыз ойдағыдай өтеді, – дейді Анаркүл Күлембаева.

Пациенттерге қолдау көрсету үшін «Остеопороз орталығы» да ұйымдастырылған. Онда сүйек аурулары бар адамдарды тексеру және емдеу іс-шаралары жүргізіледі. Көрсетілетін көмектің қолжетімділігін арттыру үшін әлеуметтік желілерде қашықтан, онлайн-консультация жұмысы енгізілген.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен остеопороз орталығына сүйек тінінің тығыздығын және сыну ықтималдығын анықтайтын рентген-денситометр сынды бірегей аппарат орнатылды. Осы орталық аясында еліміздің барлық өңіріндегі ревматологтар үшін қысқы және жазғы мектептер ашылды. Онда шетелдік мамандар шеберлік сабақтарын, түрлі тақырыпта дәрістер өткізіп, жалпы практика дәрігерлеріне ұсыныстар әзірлейді.

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Біздің дәрігер кейіпкеріміздің бүгінге дейін талмай атқарған еңбегі 27 ғылыми жұмыста көрініс тапты. Сонымен қатар, оның практика дәрігерлеріне арналған әдістемелік құралдары да бар.

Анаркүл Бәкірқызы тіпті ауруханаға дейінгі деңгейде гипертензиялық дағдарыстарды сараланған түрде жеңілдету әдісінің ғылыми патентін иеленген. Оның еліміздің, қаламыздың медицинасына сіңірген көпжылдық еңбегі еленбей қалған жоқ. Бүгінде оның кеудесінде «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілері, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық медалі, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Алтын медалі» жарқырап тұр.

Адамдарға, отбасыларға, адамзатқа қуаныш сыйлап жүрген Анаркүл Күлембаеваға біз де өз тарапымыздан үнемі алғыс арқап жүре бергейсіз деген тілек қосамыз.

Әзірлеген **Нұржамал ӘЛШЕВА.**

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жүкті әйелдерге ерекше назар аударады. Орталық базасында «Артрит мектебі», «Жүкті және фертильді жастағы әйелдерге арналған мектеп» құрылған. Мұнда пациенттерге дәрі-дәрмекті дұрыс қабылдау, дұрыс тамақтану туралы дәрістер өтеді. Сондай-ақ, ревматикалық аурулар жөнінде толыққанды, жан-жақты ақпараттар беріледі.

АНА мен БАЛА

– Статистикаға сүйенсек, қаламызда фертильді жастағы екі мыңнан астам әйел ревмопатологиядан зардап шегеді. Осы күнге дейін осындай патологиясы бар әйелдерге өзінің денсаулығына және құрсақтағы шарананың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін деген қауіппен бала көтермеуге кеңес беріп келгенбіз. Ал қазір диагностиканың заманауи әдістерінің, жаңа препараттар мен соны үлгідегі технологиялардың арқасында науқастардың өмір сүру сапасын арттыруға, жасын едәуір ұзартуға мүмкіндік туды. Бұл сайып келгенде, ревматоидты аурулары бар әйелдерге ана болу мүмкіндігін, бақытын сыйлады, – дейді дәрігер.

Сонымен, осыдан бес жыл бұрын орталықта жүкті әйелдердің ішкі тізілімі (регистрі) құрылды. Олар босанғанға дейін және қол-аяғын бауырына алғаннан кейін 42 күн мамандардың жіті бақылауында болады. Пациенттің ұялы телефонына ревматолог-дәрігерге енді қай шамада бару керектігін есіне салып қоятын СМС-хабарлама келеді. Сондай-ақ, жүкті әйелдің қалалық ревматология орталығына әр келгені де міндетті түрде тіркеліп отырады. Бұл әйелдің



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

AI МОНЕТИЗАЦИЯ

2023 жылы жасанды интеллектіні қолданып, қалай ақша табуға болады?

Жасанды интеллект (AI) бизнес әлеміндегі өзгерістерге мұрындық болуда. Барған сайын қолжетімді AI жүйелері мен құралдары жеке адамдар мен компанияларға ақша табу үшін оны қалай пайдалану керектігін білуге жол ашуда. Фриланс копирайтингтен инвестициялық талдауға дейін AI қосымшалары тиімді бола түсуде. Ақша табу үшін AI-ды қолданудың негізгі әдістерінің бірі – фрилансерлік жұмыс. ChatGPT және Jasper.AI сияқты AI басқаратын құралдар копирайтерлерге жоғары деңгейлі конфигурацияларды жасауда пайдалы.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИНВЕСТИЦИЯСЫН БАРЫНША АРТТЫРУ: КЕҢЕС ПЕН ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ

Егер сіз AI-ды ақша табу үшін пайдаланғыңыз келсе, AI инвестициясын барынша тиімді пайдалану өте маңызды. Мұнда табысқа жетуге көмектесетін бірнеше кеңес пен ең жақсы тәжірибе берілген.

AI жетістіктерімен жаңарып отырыңыз

AI – тез дамып келе жатқан сала және соңғы жетістіктерден хабардар болу сізге бәсекелестік артықшылық береді. Жасанды интеллектке қатысты жаңалықтар мен зерттеулерді үнемі оқып шығыңыз, AI конференцияларына қатысыңыз және біліміңізді жаңартып отыру үшін AI қауымдастықтарына қатысыңыз.

AI біліміне инвестиция салыңыз

Егер сіз AI-ды ақша табу үшін пайдалануды жоспарласаңыз, AI тұжырымдамасы мен технологиясын түсіну өте маңызды. Осы саладағы түсінігіңіз бен сеніміңізді арттыру үшін AI курстарынан өтуді немесе AI сертификатын алуды қарастырыңыз.

Күшті AI желісін құрыңыз

Желі құру AI саласында өте пайдалы болуы мүмкін. AI мамандарымен, инвесторлармен және кәсіпкерлермен қарым-қатынас орнату арқылы сіз құнды кеңестерге, серіктестіктерге және инвестициялық мүмкіндіктерге қол жеткізе аласыз.

AI этикасын қарастырыңыз

Ақша табу үшін AI-ды қалай пайдалану керектігін зерттей отырып, AI қолданбаларының этикалық салдарын ескеру өте маңызды. Этикалық AI пайдалану сіздің беделіңізді арттырып, заңды мәселелердің алдын алады және сайып келгенде, тұрақты пайдаға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, AI ақша табудың үлкен мүмкіндіктерін ұсынады. Жасанды интеллектіні түсіну, әртүрлі мүмкіндіктерді зерттеу және ең жақсы тәжірибелерді қолдану арқылы сіз AI күшін пайдаланып, қаржылық табысқа жете аласыз.

Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист, IT маманы.



Денсаулық сақтаудағы AI

AI денсаулық сақтау саласын қайта құрып, жаңа кәсіпкерлік мүмкіндіктер жасайды. Денсаулық сақтауда ақша табу үшін AI пайдаланудың тиімді әдісі – AI басқаратын медициналық құрылғыларды жасау.

Ақша табу үшін AI-ды бизнесіңізге біріктіру

Ақша табу үшін AI-ды пайдалану ізденісінде AI-ды бизнес операцияларыңызға біріктіру маңызды қадам болып табылады. Міне, AI енгізу кезінде кейбір ескерулер:

Қорытындылай келе, AI ақша табудың керемет әлеуетін ұсынса да, оның қиындықтары мен тәуекелдері жоқ емес. Компаниялар оның тәуекелдерін азайта отырып, AI артықшылықтарын барынша арттыру үшін осы қиындықтарды шешуге тырысуы керек.

AI-ды пайдаға айналдыру: мүмкіндіктер мен сәттілік оқиғалары.

Ақша табу үшін AI пайдаланудың бірнеше жолы бар және көптеген адамдар мен ұйымдар бұл мүмкіндіктерді сәттілік тарихына айналдырды. AI айтарлықтай қаржылық әлеуетті көрсеткен бірнеше саланы зерттейік.

AI стартаптары

Жасанды интеллектпен ақша табудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – AI-ге негізделген шешімдерді ұсынатын стартапты іске қосу. AI стартаптары табысты кәсіпорындар үшін жоғары әлеуетті кірісті ұсына отырып, елеулі венчурлық қаржыландыруды тартуда. Табысты мысалдарға OpenAI, UiPath және DataRobot кіреді, олардың әрқайсысы қаржыландыруға миллиондаған, тіпті миллиардтаған доллар жинады.

AI Consulting

Көптеген кәсіпорындар AI қуатын пайдалануға ұмтылған сайын, AI консалтингтік қызметтеріне сұраныс артып келеді. AI кеңесшілері ұйымдарға өсу мен тиімділікті арттыру үшін AI-ды өз операцияларында қайда және қалай қолдануға болатынын түсінуге көмектеседі. Сарапшылық кеңестер мен енгізу қызметтерін ұсына отырып, AI кеңесшілері айтарлықтай табыс таба алады.

AI мәтін жазу

AI мәтін жазу процесінің көптеген аспектілерін автоматтандыру арқылы мазмұнды жасау индустриясында төңкеріс жасайды. AI блог жазбаларын, әлеуметтік медиа жаңартуларын және тіпті бейне мазмұнды жасай алады, бұл мазмұнды жасаушыларға аз уақытта көбірек мазмұнды шығаруға мүмкіндік береді. Бұл тиімділікті арттыру тікелей жоғары табысқа айналуы мүмкін.

AI және оны қолдануды түсіну

Жасанды интеллект (AI) визуалды қабылдау, сөйлеуді тану, шешім қабылдау және тілді аудару сияқты адам интеллектісін талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті интеллектуалды машиналарды жасауды қамтитын, жылдам дамып келе жатқан сала. AI денсаулық сақтау, қаржы, өндіріс және көлік сияқты салаларды да өзгеріске ұшыратуда.

AI-ды капиталдандыру: AI көмегімен қалай ақша табуға болады?

Жасанды интеллект (AI) заманауи бизнесте төңкеріс жасайды және ақша табудың көптеген мүмкіндігін ұсынады. Енді ақша табу үшін AI-ды пайдаланудың әртүрлі жолын қарастырып көрейік.

Бизнестегі AI

AI бизнестің жұмыс істеу тәсілін өзгертіп, кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды. Бизнесте AI көмегімен ақша табудың тиімді әдістерінің бірі AI-мен жұмыс істейтін өнімдер мен қызметтерді дамыту болып табылады. Мысалы, AI-мен жұмыс істейтін чат-боттар тұтынушыларға қызмет көрсетуді жеңілдетеді, ал AI-ге негізделген аналитика деректерге негізделген шешімдерді жеңілдетеді.

Қаржыдағы AI

AI қаржы саласын дүр сілкіндіріп, инвесторларға есік ашады. Қаржыда ақша табу үшін AI пайдаланудың тиімді стратегиясының бірі AI-мен жұмыс істейтін сауда жүйелеріне инвестиция салу болып табылады. Бұл жүйелер нарықтық деректерді талдау және сауда шешімдерін орындау үшін AI алгоритмдерін пайдаланады.

Маркетингтегі AI

AI маркетинг индустриясында парадигманың өзгеруіне әкеліп, маркетингтер үшін жаңа мүмкіндік жасайды. Маркетингтегі ақша табу үшін AI пайдаланудың тамаша тәсілі – AI-мен жұмыс істейтін маркетинг құралдарын әзірлеу. AI маркетингтік науқандарды оңтайландыру үшін де қолданылуы мүмкін.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«МУҚАҒАЛИ, МУЗАҒА...»



Өтетін орны:
Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38).

Күні мен уақыты:
9-10 маусым, сағат 18.30.

Жас санаты:
12+.

«ЕҢЛІК – КЕБЕК»



Өтетін орны:
Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Абай даңғылы, 103).

Күні мен уақыты:
10 маусым, сағат 18.30.

Жас санаты:
12+.

«ҚЫЗЫЛ ТЕЛПЕК»



Өтетін орны:
Мемлекеттік куыршақ театры (Пушкин көшесі, 63).

Күні мен уақыты:
10 маусым, сағат 14.00

Жас санаты:
3+.

ҚҰРМАНҒАЗЫ – 200

АЙТЫС ПЕН КҮЙ

Ашық аспан астындағы өнер алааманы



Қалада Қоғамдық даму басқармасы Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен арнайы жоба өтіп жатыр. Жоба қазақтың ұлы күйші-композиторы, домбырашы Құрманғазы Сағырбайұлының мұрасын дәріптеп, ұлы даланың ұлы есімдерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған.

Іс-шараның бірінші күні ашық аспан астында «Айтыс» және «Күй тартыс» өтті. Оған шығармашылық ЖОО-ның жастары, оның ішінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жастары, сондай-ақ дәстүрлі музыка әуесқойлары қатысты. Республикалық және халықаралық байқауға қатысқан орындаушылар да өнерлерін ортаға салады. Айтыс 4 бағытта: «Қыз бен жігіт айтысы», «Қалжың айтысы», «Шоу айтысы», «Жұмбақ айтысы» өтті. Күйшілердің өзара музыкалық тартысы күй тартыс 3 түрлі форматта өтті:

- Қазақ-қыргыз күй тартысы;
- жұптық күй тартыс;
- топтық күй тартыс.



Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ӨРТ – 2023

«КӨК ЖАЙЛАУДА»

оқу-жаттығу жиыны өтті

Табиғи өрт апатын жоюға бағытталған пәрменді құрылымдар дайындығы мен құрал-жабдықтардың әзірлігін тексеріп алу мақсатында «Көк жайлау» бағының оңтүстік-батыс еңісінде «Өрт-2023» оқу-жаттығуы өтті.



Айнабай
МӘДИ

12.10 КИНО. Том Хэнкс в боевике «Ангелы и Демоны» (повтор)
15.10 КИНО. Абунасыр Сериков в комедии «Операция «Алтын Адам»
17.10 Анимационный фильм «В поисках Немо»
19.10 КИНО. Том Холланд в фантастическом боевике «Человек-паук. Вдали от дома»
21.50 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Сокровище Амазонки»
00.00 «Bizdin show»
01.30 «31 әзіл»
02.00 1001 Әзіл
02.10 What's up?
03.00 «31 әзіл»
04.00 BALA BATLLE
04.30 Тамаша live
05.00 Әзіл студия
05.20 1001 Әзіл
05.30 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.15 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.15 КЛАССИКА КИНО ДЛЯ ДЕТЕЙ. «МОСКВА – КАССИОПЕЯ»
10.00 «ЗАЛОЖНИЦА». Многосерийный фильм
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.00 Екатерина Варченко, Прохор Дубравин в многосерийном фильме «НЕСЛУЧАЙНЫЕ ВСТРЕЧИ»
23.00 Премьера. КОНЦЕРТ ПОЛИНЫ ГАГАРИНОЙ «НАВСЕГДА»
1.00 Ночной кинотеатр. «РОДИТЕЛИ ГОДА»
2.05 «ЭММА». Телехикая
3.05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
3.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Jaidarman

08.30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.10 Х/ф «Отедь «Артемиды»
13.30 Т/х «Krasavica & Nurdautlet»
15.00 «Жұлдызды шаңырақта»
15.40 Әзіл time
16.40 Х/с «Трюфельный пёс королевы Джованны»
20.50 Х/с «Всё равно тебя дождусь»
01.30 Jaidarman
02.30 Келесі кім?
03.20 Т/х «Япырай»
04.10 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МӨССАҒАН»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
08.50 «КТКweb» (қайталау)
09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.00 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
11.00 «ГДЕ-ТО НА КРАЮ СВЕТА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.20 «АЛДАРАСПАН»
21.00 «МОЙ ЛЮБИМЫЙ ВРАГ», мелодрама (худ.сериал)
01.10 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа (повтор)
02.30 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)
03.15-
04.30 «АЛДАРАСПАН» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
07.50 ФУТБОЛ. EURO-2024 іріктеу турнирі. Сан-Марино – Қазақстан
10.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Тікелей эфир
14.00 РУКОПАШНЫЙ БОЙ. Чемпионат Мира. Прямой эфир
17.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Тікелей эфир
19.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
19.50 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Германия – Италия
21.50 ФУТБОЛ. EURO-2024 іріктеу турнирі. Норвегия – Шотландия. Тікелей эфир
23.50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
00.20 «Дзюдошылар додасы». Арнайы репортаж
00.35 ФУТБОЛ. EURO-2024 іріктеу турнирі. Португалия – Босния и Герцеговина. Тікелей эфир

02.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
03.05 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.20 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 «Көке» ситком.
13.05 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
13.30 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
13.45 «Үйшіктер» Мультхикая.
14.10 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Токты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
16.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама

17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Көке» ситком.
18.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.55 Анимация. Отандық / «Токты мен Серке»
23.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
23.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Любопытная Варвара» телесериал
11.10 «Сезон дождей» телесериал
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Ғашық Жүрек или Коктейль для Звезд!» Худ. фильм
16.00 «АЦЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
18.00 «Шаншар»
20.00 «SagarTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.15 «Жұлдызбысың?» бағдарламасы



ЖЕКСЕНБІ
18 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

Медицина
қызметкерлері күні

6.00 Алматы кеші
7.00 Концерт. Бала-шоу
8.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб
11.00 Большое кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Махаббат деген...»
23.00 Мужское кино
1.00 Өмір иірімі
1.40 Дала сазы
2.05 Алматинские истории
2.30 Алматинские каникулы
2.40 Алматы кеші
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
6.50 «Aqorda»
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.20 «AQSAÿYT»
8.45 «Balapan» ұсынады.
9.20 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.00 Дисней ұсынады. «Рапунцель». Мультфильм (АҚШ, 2010 ж.)
15.30 «ГАУҺАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама
16.40 «Әзіл әлемі»
17.25 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «ДАРА». Ұлттық білім бәйгесі
22.00 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «Үміт пен үрей». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
1.10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
2.00 «Aqsaÿyt»
2.20 «Күміс көмей»
3.05 «Дәуір даналары». Деректі фильм
3.50 «Жәдігер»
4.15 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт. «Жұлдызым»
Мадина Сәдуақасова
08.00 «Таңбалы тарих – таңдаулы тұлға»
09.00 «Спорт әлемі»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Мегахит. «13-й Район. Кирпичные Особняки»
12.00 Мультфильм. «Птичий Дозор»
13.20 Мультсериал. «Команда Дино»
13.30 «Балақай»
14.15 «Эрекет»
14.45 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен

16.30 Телехикая марафоны. «Шашу»
17.30 Телехикая марафоны. «Қарлығаш ұя салғанда»
19.30 «Маңдай тер»
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 Мегахит. «Гнев»
00.15 «Киноман»
01.00 ҚР Өнұраны



31-KANAL

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Д/ф «Эврика»
11.00 КИНО. Абунасыр Сериков в комедии «Операция «Алтын Адам» (повтор)
13.00 Анимационный фильм «В поисках Немо» (повтор)
15.10 КИНО. Том Холланд в фантастическом боевике «Человек-паук. Вдали от дома» (повтор)
18.10 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Сокровище Амазонки» (повтор)
20.20 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Спасатели Малибу»
23.00 КИНО. Джессика Альба в комедии «Удачи, Чак!»
01.10 «Алдараспан»
02.30 What's up?
03.00 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.40 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.55 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
9.50 Александр Ратников, Наталия Солдатова в многосерийном фильме «ТЕЩИНЫ БЛИНЫ»
13.40 «НЕСЛУЧАЙНЫЕ ВСТРЕЧИ». Многосерийный фильм
17.50 Дмитрий Марьянов, Владимир Гуськов, Ингрид Олеринская в фильме «ВЗЛОМ»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Дарья Волга, Прохор Дубравин, Сергей Коршиков в многосерийном фильме «ПОСЛЕ ЗИМЫ»
1.10 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр
2.25 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.30



7-KANAL

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
08.30 Т/п «Жұлдыздың жары»

09.00 Т/п «Юморина»
10.00 Х/с «Всё равно тебя дождусь»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Х/с «Мастер охоты на единорога»
20.10 Х/с «Сильная женщина»
01.00 Т/п «Жұлдыздың жары»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Келесі кім?»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
07.50 «АЛДАРАСПАН»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «МОЙ ЛЮБИМЫЙ ВРАГ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.40 «СОҒАДЫ ЖҮРЕК», Мұқағали Мақатаевты еске алу кеші. Тұсаукесер!
21.00 «БЫЛО ДЕЛО»
22.00 «ВЕРИТЬ И ЖДАТЬ», мелодрама (худ.сериал)
02.25 «АРМАН. КОГДА АНГЕЛЫ СПЯТ», казахстанское кино (худ.фильм)
03.45-
04.30 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Словения – Иран
09.10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа және Конференция Лигасының журналы
10.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Тікелей эфир
14.00 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубов. «AL Qurain» (Кувейт) – «T-Sport» (Индия). Прямой эфир
16.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
16.30 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм
17.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Тікелей эфир

19.30 РУКОПАШНЫЙ БОЙ. Чемпионат Мира. Прямой эфир
21.00 ФУТБОЛ. Ұлттар Лигасы. Үшінші орын үшін матч
23.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
23.55 КӘСІПҚОЙ БОКС. Джервонта Дэвис (США) – Райан Гарсия (США)
00.35 ФУТБОЛ. Ұлттар Лигасы. Финал. Тікелей эфир
02.35 «Дзюдошылар додасы». Арнайы репортаж
02.50 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.20 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 «Көке» ситком.
13.05 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
13.30 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
13.45 «Үйшіктер» Мультхикая.
14.10 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.

16.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
16.30 Анимация. Отандық / «Балалар ізі»
16.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Көке» ситком.
18.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.55 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
23.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
23.25 Анимация. Отандық / «Балалар ізі»
23.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.25 «Маша и медведь» Мультфильм
09.15 «Сезон дождей» телесериал
11.50 «ТаңғыFresh»
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.00 «Рэкетир 2» Худ.фильм
19.20 «Аташка на хайпе» Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.20 «Рэкетир 2» Худ.фильм





АЛАШТАНУ

«ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІ

қазақтың ерте оянған жастары оқыған білім ошағы

Өткен жылы Башқұртстанның астанасы Уфа қаласына жолым түсіп, бірнеше ай бойы бауырлас башқұрт халқының қонақжайлылығына куә болдым. Өздерінің тілінде Өфе деп атайтын қаланың тарихи орындарын, мәдени ошақтарын, музей, театрларын тамашаладым. Уфаға бара жатқанда-ақ сол жақтағы «Ғалия» медресесіне арнайы атбасын бұруды жоспарлаған едім. Сәті түскен сапарда қазақтың талай білімді ұлдары оқыған медресені көру бақыты бұйырды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәні оқулықтарында XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ зиялыларының өмірбаянында «Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған» деген дерек кездеседі. Дәл сол «Ғалия» медресесінің тарихи ғимараты күні бүгінге дейін сақталған. Талай тарихтың куәсі болған көне ғимарат қазір мемлекет тарапынан қорғалатын мәдени ескерткіштердің қатарында.

Ұлылардың ізі қалған...

Медресенің есігінен кіргеннен-ақ ондағылар мені жылы жүзбен қарсы алды. Алдын ала ескертусіз, ешбір рұқсатсыз барсам да, Қазақстаннан келгенімді, тарихи ғимаратты аралап көргім келетінін түсіндіріп, жөнімді айтқан соң медресе басшылығы рұқсатын берді. Бүгінде бұл оқу орны. Студенттердің бірі маған сол жерде оқып жатқан жерлесіміз Орынбасар деген азаматты шақырып берді. Ислами білімін тереңдету мақсатында университетте оқып жүрген әктөбелік ағамызбен біраз әңгімелесіп, оқу орны жайлы мағлұматтар алдым. Қазіргі таңда мұнда Орталық Азия елдерінен, басқа да ислам мемлекеттерінен келген шәкірттер білім алады.

Мағжан мен Бейімбеттей асыл азаматтар оқыған ғимарат, білім алған дәрісхана мен кітапхана, олар жүріп өткен дәлізбен жүрудің өзі жан-дүниенді ерекше тебіренетеді. Бір кездері жап-жас қазақтың балалары осы баспалдақпен көтерілді-ау, мына терезеге қарап табиғатқа сүйсінген болар, дәл осы кітапханалардағы әдебиеттерді ақтарып, білім нәрімен сусындады ғой деген ойдың жетегінде жүріп, осы уақытқа дейін сан мәрте сырланған терезенің жақтауларын, ескі үстелдерді, тіпті есіктің тұтқасына дейін сипай беріппін. Білім ошағының шағын кітапханасында ұзақ отырдым. Кітапханада негізінен ислами әдебиеттер, Құран кітаптары болғанымен, біздің зиялыларымыздың да бірді-екілі кітаптары бар екен. Сондай-ақ, кітапханада Башқұртстанның тарихына, табиғаты мен халқына, салт-дәстүріне қатысты кітаптарды парақтап шықтым.

Ғимараттың сыртында да, ішіндегі қабырғаларында да осы медреседе білім алған башқұрт, татар зиялыларына ескерткіш-тақталар қойылған екен. Бірақ медреседе оқыған қазақ зиялылары туралы ақпарат өте жұтаң.

Жаңа бағыттағы оқу орны

Бүгінде медреседе ұстаздық етіп жүрген Рамина Каримова ханымның айтуынша, 2016 жылы оқу орнының 110 жылдығына орай «Ғалия» медресесінен қазіргі Ислам университетіне дейінгі мұсылмандық жоғары білім беру саласының тарихы» атты жинақ басылып шыққан. Сол жинаққа осы уақытқа дейін білім ошағында оқыған зиялы қауым өкілдері туралы деректер енгізілген көрінеді. Оның ішінде қазақ елінің маңдайалды тұлғалары да бар.

Рамина ханымның айтуынша, XX ғасырдың бас кезінде жаңа бағытта білім берудің маңыздылығын тек зиялы қауым өкілдері ғана емес, қалталы азаматтар да жақсы түсінген. «Ғалия» медресесінің ашылуына сол замандағы башқұрт елінің бай-көпестері қаржылай көмек беріпті. Шыңғыс ханның ұрпағы Сәлімгерей Жантөрин және оның жары Суфия, сондай-ақ Назировтар, Хакимовтар әулеті жаңа оқу орнының ашылуына материалдық жағынан қолдау білдірген. Сол тұстағы заң бойынша Ресейге қарасты азиялық мемлекеттердегі оқу орны тек мұсылманша бағытта білім беруге тиіс болды және мешіттердің жанынан діни білімі бар адамдарға ғана мектеп ашуға рұқсат берілді. 1906 жылы Зия Камали имам-хатибтың куәлігін алып, оның көптен күткен арманы орындалды. Ол Уфада-



ғы екінші мешіт жанынан медресе ашты. 1906 жылы 6–8 қазан аралығында медресеге түсу үшін үміткерлерге арналған алғашқы емтихандар өткізілді, 10 қазанда сабақ басталып кетті. Мұнда студенттер 6 жыл білім алатын.

«Өз заманындағы іргелі оқу орындарының бірі Уфадағы «Ғалия» медресесі, шын мәнінде, мұсылманша білім беруде бірыңғай діни оқуды ғана емес, математика, жаратылыстану, жағрапия, тарих пәндері бойынша білім беретін прогрессивтік бағыттағы жоғарғы оқу орны болды. Мұнда студенттер шет тілдерін игеріп, ислам тарихымен танысты, философияны оқыды. Ең алғаш осы оқу орнының тұлғалары емтиханды қазіргідей билет алу әдісі бойынша тапсырған. Оқу орнында Түркия, Мысыр, Сирия, Иран секілді әлемнің ең озық ислам университеттерінде дәріс алған ұстаздар сабақ берді. Олар сол замандарда өмірлерінің 20–25 жылын оқуға арнаған. Уақыт өте келе медресеге түсуге ниет білдіргендердің саны көбейе түсті. Ағаштан соғылған шағын мешіттің ғимараты тарлық ете бастады. 1908 жылы Уфа қаласының басшылығы медресе салуға арнайы жер бөледі. Ғимаратты салуға да бай-қуатты адамдар көмек береді. Уфадағы бұл медресенің салынуына қазақтың қалталы азаматтары да үлес қосқан. Сол жылдың 7 мамырында муфти Мұхамедияр Сұлтанов ең алғаш медресенің алғашқы кірпішін қалады. Қазан айында құрылысы аяқталып, 1909 жылдың қаңтарында медресенің жаңа ғимаратында шәкірттер білім ала бастады», – дейді Рамина Каримова.

Өскелең ұрпаққа өнеге

Қазақ даласында туған қаншама білімді азаматтар, ғалымдар, данышпан тұлғалар медреселерден тәлім-тәрбие алған. XX ғасыр басында қазақ балалары негізінен мешіттерде мұсылманша әріп таныды. «Баламды медресеге біл деп бердім» деп ақын Абай айтпақшы, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қараш, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды қазақ зиялыларының білім алу жолы медресемен байланысты. Сол тұстарда қазақ жастарының біраз бөлігі пат-шалық Ресейдің қоластына қарасты Уфа, Қазан, Орынбор, Троицк, Бұқара, Самарқанд секілді қалалардағы мұсылманша дәріс беретін медреселерде оқуға ұмтылды.

Осы оқу орнында барша қазаққа есімі жақсы танымал мәдени ағартушы, татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов және Зияддин әл-Камали тәрізді демократиялық көзқарастағы зиялы қауым өкілдері қызмет етті. Оқу орнында

шәкірттер тек білім алып қана қоймай, әдебиет пен баспасөзді дамытуға үлес қосты, зиялы орта қалыптасты. Ғалымжан Ибрагимовтің қолдауымен қазақ шәкірттерінің айына екі рет қолжазба «Садақ» журналын шығарып тұрғаны, сондай-ақ онда Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепберген, Нұғман Манаев сынды тағы басқа қазақтың бір топ болашақ көрнекті әдебиет және қоғам қайраткерлері білім алғаны жайлы профессор Тұрсынбек Кәкішев «Садақ» кітабында жазған болатын.

Қазақтан шыққан зиялы адамдар, Алаш қайраткерлері туралы зерттеп жүрген ғалымдардың дерегіне қарағанда, 1906–1919 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде жалпы саны 154 қазақ ұланы білім алған. Ғалым Амедовтің «Алаш» болғанда кітабында 1915–1917 жылдары Семей губерниясы бойынша (Семей, Өскемен, Зайсан, Павлодар, Қарқаралы уездерінен) «Ғалия» медресесінде жоғарыда аталған М.Тұрғанбаев пен Н.Күзембаевтан басқа, Тайыр Жомартбаев, Мұстақым Малдыбаев, Абзал Жиенғалиев, Хайролла Ибрагимов, Шаймардан Ғұмаров, Ахметжан Күзембаев, Хұсайын Күрлеуітов, Уәлихан Ғұмаров, Ахмет Жантулин, Ғабдірахман Сұлтановтардың оқығаны айтылады. Бұдан басқа да қаншама қазақ зиялылары өздері медреседе оқи жүріп кітаптарын шығарды, балаларға арнап кітап, оқулықтар жазды. «Ғалия» медресесінде оқыған жастарды әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов «қазақтың ерте оянған тобы» деп бағалаған екен.

Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сынды ұлтымыздың ірі тұлғалары осы Уфадағы «Ғалия» немесе Орынбордағы «Хасани», Троицкідегі «Мұхамедие» медреселерінде білім алып жүрген қазақ жастарымен үнемі байланыста болып, олардың тағдырына бей-жай қарамаған. Белгілі журналист-тарихшы Мұратбек Кенемолдиннің айтуынша, Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлының сонау 1916 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесіне барғаны, медресенің бір топ қазақ шәкірттерімен бірге суретке түскені жайлы дерек келтірілген мақала 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған.

Уфа қаласы басшылығының шешімімен таяуда «Ғалия» медресесінің тарихи ғимараты музейге айналып, Ресей Ислам университеті жаңа ғимаратқа көшуі мүмкін. Сол тарихи музейде Алаштың аяулы азаматтары жайлы деректер, суреттер, ескерткіш-тақталар қойылса деген тілегіміз бар. Өткен ғасырдың бас кезінде Уфадағы «Ғалия» медресесін тәмамдаған байырғы қазақ зиялыларының өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.



МЕДИАКЕҢІСТІК ӘЛЕМІ

«ЖУРНАЛИСТІҢ АРҚАЛАҒАНЫ –
АЛТЫН, ЖЕГЕНІ – ЖАНТАҚ»Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазір демократиялы қоғам. Әсіресе, осы тенденция ғаламторда өрбіп тұр. Қолында смартфон бардың бәрі – блогер. Бұрын тілшіден аяқ тартса, қазір телефонын ербедеткендерден қымсынады. Өйткені, ғаламды жайлаған ғаламторда шектеу болмайтындай көрінеді. Осындай мәселе көптен бері көтеріліп жүр. БАҚ туралы заңға өзгеріс енгізбей, сол жерде де блогердің мәртебесін журналистпен қатар қою жайында сөз болуда. Бір тарап құптаса, екіншісі даттайды. Бірақ мұның дауы әлі күнге дейін басылатын түрі жоқ.

Біздің заманымыз – ғылыми прогрестің қызған шағы. Күніне жүз түрлі жаңалық, мың түрлі қылық көреміз. Ақпаратты қорығып үлгермейміз. Небір ми шатастын өсек-аяң ғаламторды жайлады. Қайсысы жалған немесе ақиқат екенін ажыратып білмейтін болдық. Құдды бір ақпарат майданында жүргендейміз. Әсіресе, COVID-19 кезінде «фейк» деген термин күшейді. Бұрын сөздік қорымызда болса да, елемеспіз. Осылайша блогерлік пен журналистиканың кейде қарама-қайшы, кейде аралас-құралас болып жататын кезі бар. Сондықтан осы тақырып төңірегінде бірқатар ой тарқатуды жөн көреміз.



НАРЫҚ – БӘРІНЕ ОРТАҚ

Әлеуметтік желінің құдіреті нарықта да байқалады. Қолында тәуір технологиясы бардың бәрі YouTube платформасына жүгінеді. Видео түсіреді. Күрделі мәселеге араласады. Сөйтіп, блогер атанады. Негұрлым өзекті етіп контент жасаса, соғұрлым қаралымы артады. Кейде болмашы дүниенің өзі өзектірек болып кетеді. Сөйтіп, ол Фейсбук, Инстаграм, Телеграмда талқыланады. Ватсап желісі арқылы жұрт бір-біріне таратады. Осының арқасында күрмеулі дүние жоғары билік тарапынан қолдау тауып, кейде шешімін тауып жатады. Мұндай жағдаяттарды жүздеп, мыңдап кезіктіреміз.

Нарықтық заманда ешкімге тұсау жоқ сияқты. Қалай қаржы тапқысы келеді, сол ыңғаймен тірлік қылады. Кейде блогерлер артық қыламның керін киіп, тыртық қылып жатады. Себебі,

оның түсірген видео-роликті қадағалап, сүзгіден өткізбейді. Қалай бар, солай түсіреді. Сапасына да мән бермейді. Ойына келгенін жариялап та жатады. Әрине, бәріне топырақ шашпаймыз. Бір жағынан шектеу болмағаны да дұрыс болып тұр. Әйтпесе, құлаған тал, қираған үй, жетім-жесірдің халі, төсек тартқан жанның жанайғайы, банкке қарызға батқандар – бәрі-бәрін блогерлер қауымы айтып, YouTube платформасына жариялап жатады. Мұндай айғай-шу кімкімді де елең еткізеді. Осыдан келіп әлгі арнаның қаралымы артады. Лүпіл басылады, пікір жазылады. Ал қандай пікір жазылды, ол жағы маңызды емес. Сөйтіп, қаржы табады. Ең негізгісі, арна көбірек таныла бастаса, жарнама жасауға көшеді. Ал ғаламтордағы жарнаманың құны қаншалықты екенін сол контенттің басшысы шешеді. Осылайша

нарықтық экономикаға әркім өз үлесін қосып, күнін көріп жатыр.

БҰҚАРАҒА
БЕЙІМДЕЛГЕН БАҚ

Қазақ журналистикасы талайды өткерді. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин газет-журнал арқылы халықтың көзін ашуға тырысты. «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» баспасөздері ұлтқа қызмет қылды. Өйткені, оның басында ұлт ардақтылары тұрған еді.

Кеңес кезінде қазақ басылымдары Коммунистік идеологияның цензурасында болды. Солақай саясаттан ауытқи алмады. Сәл оқшау ой жаздыңыз, жазаға ілігетін жағдайға жетесіз. Сондықтан біздікілер мейлінше өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмауға тырысты. Соған қарамастан, қазақ журналис-

тикасы ілгері басуын тоқтатпады. Аспаннан жай түсіп жатса да, елдімекендегі шаруа, шопан жағдайы айтылды. Ұдайы әлеуметтік мәселе көрініс беріп отырды. Кейде күрмеулі мәселе шешімін тауып жатты. Қазақтың бұқаралық ақпарат құралдары ел тағдырын ойлап, елдік мүдде төңірегінде ой қозғады.

ЖУРНАЛИСТІҢ
ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Ақпарат саласы мамандарының жүгі ауыр. Күндіз-түні шапқылап кететін кез болады. Кез келген төтенше жағдай туындаса, біздің мамандар сол нысаннан табылады. Негізі «қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» деген сөз рас. Қажетті жаңалықты сұрыптап, жазып, баспасөзге беріп үлгеру қажет. Телевизияда оқиға, іс-шара орнына барып бейнематериал жасап беру керек. Сайт бағыты рейтингке жұмыс

істейді. Міне, көріп отырғаныңыздай, шаруа шаш-етектен. Сондықтан болар, көрнекті қаламгер, жазушы-журналист Шерхан Мұртаза «журналистің арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» деп текке айтпаған. Біздіңше, тілшілер қауымының әлеуметтік жағдайы жақсарып, пәтерге кезекке тұруға, арнайы статус иеленуге толық құқығы бар.

● ТҮЙІН:

Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дейді. Бұл ұлағатты сөз бүгінге сай келіп тұрғандай. Капиталистік заманда әркім өз қолынан келгенін қылады. Бірақ БАҚ қызметі бұқара мен билік арасындағы алтын көпір екенін жадымыздан шығармайық.

БРИФИНГ

ОЙЫНҒА БЕРІЛГЕН БАЛА жазым болып қалмағай...

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жазғы демалыс көрігі қыза түсті. Әсіресе, ойын баласы үшін қуанышты сәттер бұл. Бұл уақытта балалардың дені үйде отырмайды, көп уақытын сыртта, мәселен, спорттық алаңдарда, саябақтарда, көшеде немесе жағажайда өткізеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы кезеңде балалардың жарақат алу жағдайлары жиілейді.



ӨКК алаңында өткен кезекті брифингте Алматы қаласының «Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» қабылдау бөлімінің меңгерушісі Мейіржан

Құрманалиев осы жөнінде тарқатты.

Балалар жарақатына қатысты статистика көңіл көншітпейді. Жыл басынан бері Алматы

дәрігерлеріне 42 069 бала жүгінген. Өткен жылы бұл көрсеткіш 80 мыңнан асқан болатын. Спикердің айтуынша, көбіне төменгі сынып оқушылары жиі

жарақаттанады. Мәселен, балалар самокаттан, велосипедтен, өткеншектен құлап, жазым болып жатады екен. Үйінде де жарақаттанып қалатындар аз емес, олардың үлес салмағы – 44%. Ал сырттан, көшеден оқыс жағдайға тап болатын балалар саны – 35%.

«Бұл орайда ата-аналардың рөлі маңызды. Олар балаларымен сөйлесіп, қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп отыруы керек. Демалыс кезінде бала күннің көп бөлігін ашық аспан астында өткізеді. Сол себепті, оған міндетті түрде көшеде қауіпсіз жүру ережелерін үйреткен жөн. Ойын кезінде кішкентай балаларды қараусыз қалдырмаған абзал. Қаламызда жылдам қарқынмен салынып жатқан заманауи балалар алаңдары, демалыс аймағы көп. Өкінішке қарай, көптеген ата-ана осыған мән бермей, балаларын бақылаусыз, өздерін

жіберіп қояды. Үлкендердің көзінен тыс қалған бала жазымға ұшырауы бек мүмкін», – дейді дәрігер.

Мейіржан Құрманалиев ересектердің балаларды ешқашан жағада және суда қараусыз қалдырмау, ыстық күндері олардың бас киім киіп жүруін қадағалау керектігін айтты. Сондай-ақ, кішкентай достарымызға тез тұтанатын, тесетін, кесетін, жарылғыш заттардың қауіптілігін түсіндіруге міндеттіміз.

Балаларға қиын жағдайға тап болғанда, олар ата-анасына ғана емес, жедел қызметтерге де қоңырау шала алатындарын айтып, түсіндіру керек. Бұл қызметтердің телефон нөмірлерінің тізімі үйде көрінетін жерде орналастырылуы қажет. Бұл сандарды бала жатқа білсе, тіпті жақсы дейді дәрігер. Иә, «Сақтансаң, сақтаймын» деген.



МАРАФОН

ЖАС АРХИВШІЛЕР БАС ҚОСТЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінде
VI Халықаралық жас архившілердің Жазғы
мектебінің ресми ашылу рәсімі өтті



Ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің басшылығы, Қазақстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Беларусь пен Өзбекстан, Ресейдің архив мекемелерінің басшылары қатысты.

Іс-шара ҚР «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңының 25 жылдығына орай «Тарихи құжат – ұрпаққа аманат» архивтік марафонының аясында ұйымдастырылып отыр. Оның жұмысына Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Танзания, Түркіменстан және Өзбекстаннан 100-ден астам архившілер келді. Жазғы мектепте Қазақстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Өзбекстан, Түркия және Ресейдің ғалымдары мен тәжірибелі мамандары архив ісі бойынша дәріс оқыды. Іс-шараның бағдарламасына лекциялар, пікір-таластар, шеберлік сабақтар енгізілген.

2017 жылдан бастап жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қазақстан мен Ресейдің жетекші университеттері – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен бірлесе отырып Халықаралық жас архившілердің Жазғы мектебін өткізіп келеді. Жас архившілердің халықаралық Жазғы мектебі жас мамандардың біліктілігін арттыруға, жаңа технологиялар мен архив жұмысындағы заманауи әдістермен танысуға, архив саласындағы халықаралық қатынастарды дамытуға бағытталды.

– Бұл шараның мақсаты мұрағат саласындағы жас мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қоса, архив мекемелері арасындағы халықаралық ынтымақтастық пен байланысты нығайтуға негізделген. Дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді. Негізінен бір ыңғайсыз қасаң пікір қалыптасып қалған. Яғни мұрағат сақтау ісінде тек егде жастағы адамдар істейтіндей көрінеді. Шын мәнінде олай емес. Осындай оқыс ойды оңалту үшін жас архивші мамандарға көңіл бөліп келеміз. Бұл салаға мемлекет тарапынан да қолдау күшейіп келеді, – деді ҚР Президенті Архивінің оқу-әдістемелік орталығының басшысы Мұхаммед Жылгелдинов.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

БІРЕГЕЙ МҮМКІНДІК

Алматы дәрігерлері шетелдік мамандармен бірігіп,
күрделі ота жасады

Алматы қаласындағы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында алғаш рет трахея мен көмей стенозы бар балаларға ота жасалды. Екі кішкентай пациентке операциялар Алматы қаласы әкімдігі мен ДББҰ қолдауымен Алматыда өткен «Салауатты ұрпақ» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының шеберлік сыныбы шеңберінде жүргізілді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Хирургиялық оталар Ресейдің еңбек сіңірген дәрігері, Ресей балалар хирургтары қауымдастығының президенті Александр Разумовскийдің қатысуымен өтті. Науқастардың бірі – 13 жасар балаға жол-көлік оқиғасынан кейін трахея стенозы диагнозы қойылған. Науқастың өкпесі ұзақ уақыт бойы жасанды желдету аппаратында болғандықтан, трахеостомиясы бар аппаратта тыртық стенозы дамыды, басқаша айтқанда, трахея қабырғасының қалыптасуына тыныс алу жолының тыртық тінімен алмастырумен таралған патологиялық өзгеріске ұшырады. Нәтижесінде науқас орталықтан шығарылғаннан соң қайта осы диагнозбен ауруханаға түскен.

«Біз тыныс алу жолдарын қалпына келтіру үшін трахея стенозының аймағын үнемі сүмбілеуге мәжбүр болдық, бірақ сүмбілеу процесі бала үшін өте ауыр болды. Бұл мәселені тек хирургия институтында немесе шетел клиникаларында жүргізілетін хирургиялық ота арқылы шешуге болады. Енді біздің хирургтар да осы аурумен ауыратын балаларға операция жасай алады. Біздің орталық үшін бұл бірегей тәжірибе және үлкен жетістік. Профессор Разумовскийдің біздің мамандарға осы бірегей операцияларды көрсеткені біз үшін үлкен мәртебе», – дейді Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының бас дәрігері Әлібек Смағұлов.

Жалпы, шеберлік сабағы аясында тағы 3 операция жүргізілді. Екінші науқастың диагнозы да осыған ұқсас – трахея стенозы. Әрі қарай Қазақстанның эндовидеохирургтар қауымдастығының президенті Владимир Котловский тағы 2 ота жасады, яғни каллий перманганаты кристалының күйіктері бар балаға лапароскопиялық холецистэктомия жасап, енді бір кішкентай пациенттің кеуде қуысын түзетті. Сонымен қатар, профессорлар түрлі аурулары бар балаларға кеңес беріп, негізгі емдеу әдістерін ұсынды.

Халықаралық конференция аясында ресейлік және алматылық әріптестер «Балалар хирургиясындағы лапароскопияның заманауи мүмкіндіктері. Аска-ан-ішек жолдарының, кеуде қуысының және медиастинаның эндоскопиялық операциялары» тақырыбында эндоскопиялық балалар хирургиясының даулы және шешілмеген мәселелерін талқылады. Мұндай шеберлік сабақтарына қатысу – әлемдік деңгейдегі балалар хирургтарымен жанды ғылыми-практикалық қарым-қатынас жасаудың бірегей мүмкіндігі екені сөзсіз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 4 шілде, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 408 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 3 шілде, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 4 шілде, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 1103 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 3 шілде, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны бас-талды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек-ті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшір-месін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редак-ция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайы-на жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.
ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылу-шылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» га-зетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері га-зеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫҚабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-04-43.Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІРҚала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВАШаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ruЖарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.Шығармашылық даму
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңызРеспубликаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИГазет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«МЫРЗА» АМАЛЫ

Амал кезінде еліктер лақтап, арқарлар бұзаулайды.

Осы уақытта үш-төрт күнге созылған суық жүреді, содан кейін жадыраған жаз кіреді

Өткен жолы пайымымызда айтқанымыздай, маусым айы басталғалы күн көзі жылынды. Тіпті, жантөзгісіз шілдігір ыстық та көрініс берді. Аракідік өткірші жаңбыр жауып, ыстықтың бетін қайтарып тұрды. Қазақта «Үркер суға түссе – құт, жерге түссе – жұт» деген мақал бар. Әрине, оның бетін ары қылсын. Дегенмен, аспан денелерінің қазіргі қозғалысына, ауа райының құбылуына қарағанда Үркер биыл жерге түскен сияқты...

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Осы маусымның 10-ынан бастап «Мырза» деп аталатын амал жүреді. Ол айдың 15 жаңасына дейін жалғасатын амал. «Қыркүйек» амалының сыңары, мырза деген мағынада. Амал кезінде еліктер лақтайтындықтан, құралай деген аты да бар. Еліктермен қатар арқарлар бұзаулайды (қозылайды). Ауа райының айдың өзге апталарынан ерекшелігі: бұл кезде үш-төрт күнге созылған суық жүреді, осыдан кейін жадыраған жаз кіреді.

Елік – бұғылар тұқымдасына жататын жұптұяқты, сүтқоректі жануар. 3 тұр-тармағы (Еуропа, Сібір, Маньчжур) таралған. Қазақстанда Сібір тұр-тармағы кездеседі. Талас, Іле, Жетісу (Жоңғар) Алатауында, Батыс



және Орталық Тянь-Шаньда, Қаратауда, Тарбағатайда және Оңтүстік Алтайда ұшырасады.

Жеміс-жидек, мүйіз және шөптесін өсімдіктердің жүзге жуық түрімен қоректенеді. Жазда жеке-жеке, ал басқа кезде топталып жүреді. Бір жарым жасында лақтайды. 1-2, кейде 3 лактан туады. Лактарын 6–8 ай сүтімен қоректендіреді. Ешкісі 11-12, текесі 16 жылдай тіршілік етеді. Еті мен терісі үшін арнайы рұқсатпен ауланады. Кәсіптік маңызы бар (Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

Амал кезіндегі әдет-ғұрып: түйелер бұл кезде ағаш

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- * Аңызак ыстық болса, қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көшсе, ұзамай жаңбыр жауады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Алматыда 6 маусымда CAREER DAY өтті. Оған 200-ден астам ірі компания, 35 ЖОО, 20 колледж және 5000-нан астам жас қатысты. Іс-шара осы айда қаланың әр ауданында өтетін «Мансап күндерінің» бастауы болмақ.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алмалы ауданындағы Арбат алаңы мен Панфилов көшесінде жоғары оқу орындарымен, орта білім беретін мекемелердің бітіруші түлектерін және жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруға бағытталған Мансап күндері басталды. Қаланың әр ауданында 8 мансап күні өтетін іс-шараны Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырды.

Шараны Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Меңдіғалиев және Алмалы ауданының әкімі Айдар Жәкібаев ашты. Қалада 682 мың жас болса, оның 82 мыңнан астамы Алмалы ауданында тұрады.

Бүгінде қаладағы жоғары оқу орындары мен орта білім беретін мекемелерде 255 мыңнан астам студент білім алуда. Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының басым міндеттерінің бірі NEET (ағылш. NEET – Not in Education, Employment or Training) санаттағы жастар үлесін азайту болып табылады.

Бүгінгі таңда жастардың жалпы санындағы NEET жастарының үлесі 8,3%-ды құрайды (53 мыңнан астам жас).

«Жұмыспен қамту және NEET санатындағы жастардың үлесін азайту Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл Мансап күні Алмалы ауданының жастары үшін



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

көптеген мүмкіндіктер берді. Сонымен қатар, жастарға кеңес беру үшін үздік спикерлер мен кәсіптік бағдар беру мамандары шақырылды. Бүгінгі Мансап күніне қатыса алмағандар үшін, Жастар саясаты басқармасы мен Цифрландыру басқармасы бірлесіп, жұмыс табуға болатын және қысқа мерзімді курстарда оқып, жаңа маманға айнала алатын бірыңғай коммуникациялық кеңістік аясында жыл бойы жұмыс істейтін «Jobfair 365» цифрлық бос орындар жәрмеңкесін әзірледі. Келесі бос жұмыс орындары жәрмеңкесі 9 маусымда Медеу ауданында Орталық мәдениет және демалыс саябағында өтеді», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Меңдіғалиев.

Мансап күндері қала жастары үшін барлық жұмыс мүмкіндіктерін қамтиды.

Іс-шараға ірі компаниялардың 100-ден астам жұмыс берушілері қатысып, жастарға өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынды.

Бұл ретте 26 университет, 21 орта білім беретін мекемелер және 5000-нан астам жастар қатысты.

«Алмалы ауданы – қаланың іскерлік және әкімшілік орталығы. Мұнда ірі компаниялардың штаб-пәтері және әртүрлі салалардағы компаниялар орналасқан. 2022 жылы біз 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құрдық. Ал биыл 9 мыңнан астам жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Осындай іс-шараларды өткізу – жастарды қолдау және NEET санатының үлесін азайтудағы маңызды қадам», – деп түсіндірді шара барысында Алмалы ауданының әкімі Айдар Жәкібаев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша,

жобаның басты мақсаты – жастарға еңбек нарығы және оқу орындары туралы толық ақпарат беру.

Ағымдағы жылы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен қалалық Мансап орталығы құрылды. Мансап орталығы жастар үшін бос жұмыс орындарын іздейді, жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кеңес береді және оқыту семинарларын өткізеді.

Ағымдағы жылдың мамыр айында бірыңғай коммуникациялық кеңістік аясында Жастар саясаты басқармасы Цифрландыру басқармасымен бірлесіп, жастарды жұмысқа орналастыру үшін жыл бойы «Jobfair 365» цифрлық Бос орындар жәрмеңкесін іске қосты, онда сіз жұмыс таба аласыз, сондай-ақ қысқа мерзімді курстарда оқып, жаңа дағдыларды игере аласыз.

